

ЖҮНІСҚАЛИЕВ ТАЛҒАТ ТОҚАШҰЛЫ

Қазақстанның жоғары күлді көмірлері мен марганец кендерін қолданып Fe-Si-Mn-Al тобындағы кешенді лигатур өндірісінің теориялық негіздерін дамыту және технологиясын жетілдіру

6D070900 – «Металлургия»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:

техника ғылымдарының докторы, ҚарИУ
«Металлургия және материалтану»
кафедрасының профессоры
А.Х. Нурумғалиев

PhD, ҚР МШКҚӨ ҰО филиалы
Ж. Әбішев атындағы ХМИ «Болат
металлургиясы және материалтану»
зертханасы меңгерушісі
Е.К. Мухамбетғалиев

техника ғылымдарының докторы,
профессор, «РГА Орал бөлімінің
металлургия институты» ФМБҒМ
директорының ғылыми жұмыстар
жөніндегі орынбасары, «Болат және
ферроқорытпа» зертханасы меңгерушісі
О.В. Заякин (РФ, Екатеринбург қ.)

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕНУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 КРЕМНИЙ, МАРГАНЕЦ ПЕН АЛЮМИНИЙ ҚҰРАМДАС ҚОРЫТПАЛАРДЫ БАЛҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ, КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАНЫ БАЛҚЫТУҒА ҚАЖЕТТІ ШИКІЗАТ БАЗАСЫНА САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	15
1.1 Қазақстан Республикасында құрамында кремний, марганец, алюминий бар кешенді қорытпаларды балқыту мәселесінің жай-күйі..	16
1.2 Қазақстан Республикасының көмір бассейндері мен кен орындары туралы жалпы мәлімет.....	25
1.3 Қазақстан Республикасының марганец кен орындары туралы жалпы мәлімет.....	31
1 тарау бойынша қорытынды және зерттеу міндеттерін белгілеу.....	35
2 Fe-Si-Mn-Al МЕТАЛДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ФАЗАЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ ДИАГРАММАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАНЫ АЛУ ПРОЦЕСІН МОДЕЛЬДЕУ.....	37
2.1 Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің термодинамикалық диаграммалық талдауы.....	37
2.1.1 Құрамында Fe-Si-Mn-Al қорытпасының кристалдануын зерттеудің теориялық негіздемесі.....	37
2.1.2 Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің қос жүйелері қосылыстарының термодинамикалық қасиеттерін талдау.....	40
2.1.3 Fe- Si-Mn-Al металдық жүйесінің үштік жүйелері қосылыстарының термодинамикалық қасиеттерін талдау және триангуляцияны жүргізу.....	47
2.1.4 Fe- Si-Mn-Al металдық жүйесінің тетраэдрациясы.....	52
2.2 Кешенді лигатураны алу үрдісін термодинамикалық модельдеу.....	57
2.2.1 Математикалық жоспарлау мен модельдеуде қолданылатын термодинамикалық модельдеуді жүргізу әдістемесі және бастапқы деректері.....	57
2.2.2 Заттардың таралу үрдісін термодинамикалық модельдеу нәтижелері..	60
2 тарау бойынша қорытынды.....	71
3 КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАЛАРДЫ БАЛҚЫТУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШИХТА МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН БРИКЕТТІ ЗЕРТТЕУ.....	73
3.1 Кешенді лигатураларды балқытуға арналған шикізат материалдарының сипаттамасы.....	73
3.1.1 Марганец кендерінің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу.....	73
3.1.2 Жоғары күлді көмірдің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу.....	79
3.2 Құрамында марганец бар кендерді брикеттеу процесін зерттеу.....	84

3.3	Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасын балқытудың материалдық балансын есептеу.....	87
	3 тарау бойынша қорытынды.....	90
4	Fe-Si-Mn-Al КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАСЫН БАЛҚЫТЫП АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН СЫНАУ.....	92
4.1	Кен-термиялық зертханалық және ірі зертханалық электр пештерінде балқыту үшін шихта материалдарын дайындау.....	92
4.2	Қуаттылығы 150 кВ·А зертханалық кен-термиялық электр пешінде Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасын балқыту.....	96
4.3	Қуаттылығы 200 кВА кен-термиялық электр пешінде Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасын балқыту бойынша ірі зертханалық сынақтар.....	99
4.4	Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасының техникалық-экономикалық талдауы.....	109
4.5	4.5 Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасының физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттері.....	111
	4 тарау бойынша қорытынды.....	116
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	118
	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	122
	ҚОСЫМША А – Мақсатты патенттік іздеу нәтижесі.....	131
	ҚОСЫМША Ә – Зертханалық сынақтар жүргізу туралы Акт.....	134
	ҚОСЫМША Б – Ірі зертханалық сынақтар жүргізу туралы Акт.....	137
	ҚОСЫМША В – АМТ АҚ алынған мәліметтер.....	140
	ҚОСЫМША Г – Оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу туралы Акт.....	142
	ҚОСЫМША Ғ – Оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу туралы Акт.....	144
	ҚОСЫМША Д – Оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу туралы Акт.....	145

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

«Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

МемСт 7.32-2017 – Ақпараттық, кітапханалық және басылымдық стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылым және рәсімдеу ережелері;

МемСт Р 15.011-2005 – Өнімдерді әзірлеу және өндіру жүйесі. Патенттік зерттеу. Мазмұны мен тәртібі;

МемСт 22772.1-96 (ИСО 310-81) – Марганец кені, концентраты және агломераты. Гигроскопиялық ылғалдылықты анықтау әдісі;

МемСт 22772.2-96 (ИСО 4298-84) – Марганец кені, концентраты және агломераты. Жалпы марганецті анықтау әдісі;

МемСт 22772.3-96 (ИСО 312-86) п.4 – Марганец кені, концентраты және агломераты. Марганец диоксидін анықтау әдістері;

МемСт 22772.4-96 (ИСО 7990-85) п.5 – Марганец кені, концентраты және агломераты. Жалпы темірді анықтау әдісі;

МемСт ISO 1171-2012 – Қатты минералды отын. Күлдің құрамын анықтау;

МемСт ISO 5071-1-2013 – Қоңыр көмір мен лигнит. Аналитикалық үлгідегі ұшқыш заттардың шығынын анықтау;

МемСт 22552.1-2019 – Шыны өнеркәсіп үшін кварц құмы, құмтас, кварцит және жильный кварц. Кремний диоксидін анықтау әдістері.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар мен аудармалар қолданылған:

Оттексіздендіру – металдарда еріген оттегіні және болат құрамындағы зиянды қосындыларды жою, азайту кетіру процесі;

Тотықсыздану – атоммен, молекуламен немесе ионмен электрондарды қосып алу арқылы тотығу дәрежесін төмендететін процесс. Тотықсыздандырғыш көмегімен кен тотықтардан оттегін өзіне қосып және байланыстырып алу;

Физика-химиялық талдау – металдардың, қорытпалардың, қождардың және т.б. күй параметрлеріне тәуелділігін (қысым, температура және т.б.) зерттеу әдістерінің жиынтығы;

Фазалық талдау – талданатын материалдағы фазалардың мөлшерін анықтау және оларды идентификациялау үшін, зерттеудің химиялық, рентгендік құрылымдық және басқа әдістердің жиынтығы.

БЕЛГІЛЕНУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі белгіленулер мен қысқартулар қолданылған:

ҚарИУ	– Қарағанды индустриялық университеті КеАҚ
ХМИ	– ҚР минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу ұлттық орталығының филиалы Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты;
ИМЕТ	– Ресей Ғылым академиясының Орал бөлімінің Metallургия институты Федералды мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесі (Екатеринбург қ., Ресей Федерациясы);
КЛ	– кешенді лигатура;
МемСТ	– мемлекеттік стандарт;
ҚР СТ ISO/IEC	– Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты ISO/IEC;
АМС	– Алюмосиликомарганец қорытпасы;
ТТТ	– толық термодинамикалық талдау.

КІРІСПЕ

Шешілуі тиіс ғылыми немесе ғылыми-технологиялық проблеманың (міндеттің) замануи дейгейіне баға беру

Әлемдік сапа стандарттары жыл сайын артып келеді, оның аясында өндірушілер бәсекеде сапаны жоғалтпай, энергия ресурстары мен қолданылатын материалдарды үнемдеу арқылы металл өнімдерінің құнын төмендетуге тырысады. Осыған байланысты қара металлургияны дамытудың басым бағыттарының бірі табиғи шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде көпмақсатты мақсаттағы жаңа материалдар өндірісін ұлғайту болып табылады.

Болаттың сапасын едәуір жақсартуды кремний, марганец және алюминийден тұратын кешенді лигатураларды қолдану арқылы қамтамасыз етуге болатындығы белгілі, олар оттексіздендіру сатысында оттегі мен металл емес қоспалардан тереңірек тазартуға ықпал етеді [1, б. 98-104, 2, б. 63-69 3, б. 495-500, 4, 5, б. 305-313].

Лигатураны оларды құраушы таза металдарынан немесе кендерден, концентраттардан және ферроқорытпа өндірісіне тікелей қолданылмайтын материалдарды балқыту алу арқылы алады. Қара металлургияда лигатура ферроқорытпалардан тек легірлеу үшін ғана емес, сонымен қатар болатты оттексіздендіру және арнайы қорытпалар алу үшін қолданылатындығымен ерекшеленеді. Әдеби дереккөздерге сүйене отырып, біздің пайымдауымызша, бұл дұрыс тұжырым емес, өйткені лигатураның жалпы атауы қорытпаға әсер ету әдісіне (легірлеу, модификациялау, оттексіздендіру, күкіртсіздендіру және т.б.) қолданылмайды. Терминологиялық сөздікте, «лигатура» латынша – «байланыс» дегенді білдіреді. Қазіргі уақытта техникалық әдебиеттерде «модификациялау және легірлеу үшін лигатура» тіркесі қолданылады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде ферроқорытпаларды лигатураларға жатады деп айтуға болады [6, 7. б. 37-42].

Болатты және арнайы болатты оттексіздендіру және легірлеуге арналған арнайы қорытпалар өндірісінде кешенді лигатураларды (бұдан әрі мәтінде – «КЛ») пайдалану керек екендігі белгілі [1, б. 98-104]. Бұрын КЛ балқыту агрегаттарында немесе кен термиялық пештен құю кезінде шөміштерде бірнеше ферроқорытпаларды балқыту әдісімен алынған. Алайда, бұл әдіс үнемсіз, өйткені бірнеше ферроқорытпаларды қайта балқытқан кезде қосымша электр энергиясы мен материалдық шығындарға әкеледі, және қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді [8, б. 161-162].

Г.В. Медведев пен Т.Д. Такеновтің авторлық еңбектерінде стандартты емес шикізат материалдар: төмен сұрыпты марганец кені, жоғары күлді көмір немесе көмір жыныстарынан КЛ балқыту мүмкіндігі көрсетілген [1, б. 62-90]. Құрамында марганец бар кендерді және энергетикалық мақсаттарда пайдаланылмайтын жоғары күлді көмірді металлургиялық қайта өңдеуге тарту өндірістік кәсіпорындар мен ғылыми-зерттеу орталықтарының бірінші кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Fe-Si-Mn-Al КЛ-дың стандартты ферроқорытпаларға қарағанда бірқатар артықшылықтары бар, олар болатты оттексіздендіру процесін жақсартады

(болатта тез ериді), сайып келгенде, болаттың пайдалану қасиеттерін арттырады, ал өңделген металл құрамында металл емес қоспалар ең аз мөлшерде болады. КЛ өндірісі шикізат материалдарының жаңа түрлерін қолдануға, техногенді кондициялық емес шикізат материалдарын қайта өңдеуге, олардың барлық компоненттерін барынша пайдалануға және ферроқорытпаларды алудың аз және қалдықсыз технологияларын әзірлеуге мүмкіндік береді [9, б. 547-552, 10].

Сұйық болатты оттексіздендіру және өңдеу үшін КЛ-ды қолдану тиімділігі теориялық және іс жүзінде дәлелденген. Алайда, қазіргі уақытта Қазақстанның ферроқорытпа саласы металдар нарығына құрамында кремний, марганец және алюминий бар қорытпаларды ұсына алмауды. Осыған байланысты, әсіресе табиғи шикізаттан және (немесе) техногендік қалдықтардан КЛ алу технологиясын әзірлеу өзекті болып табылады.

Қазақстан марганец кені қоры бойынша әлемде үшінші орын алады, бұл ретте олардың негізгі қорлары Орталық Қазақстанда, соның ішінде Атасу, Жезді-Ұлытау кен аудандарының кен орындарынан тұрады [11-12, 13, б. 9-11]. Қазіргі уақытта ірі және орта кен орындарын игерумен қатар марганец және темір-марганец шикізатының болуымен сипатталатын және металлургия өнеркәсібі үшін қосымша шикізат көзі бола алатын шағын кен орындарын геологиялық барлау жүзеге асырылуда. Оларды алдын-ала өңдеусіз және байытусыз стандартты ферроқорытпаларды алу үшін пайдалану темір мен кремнийдің жоғары болуына және өнімділіктің төменділігіне байланысты өндірісте пайдалануға мүмкіндік бермеуде.

Сонымен қатар, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын жоғары күлді көмір қорларын металлургиялық өңдеуге тарту құрамында Si және Al бар қорытпалар мен лигатуралар алуды ұйымдастыру перспективті бағыттардың бірі болып табылады. КЛ балқыту үшін техникалық және химиялық құрамы бойынша Сарыадыр (Теңіз-Қоржынкөл бассейні), Борлы (Қарағанды бассейні) кен орындарының және де алғаш рет осы бағытта қолданылып отырған Жамантұз кен орнының көмірлері неғұрлым сәйкес келеді [14, 15, б. 142-147, 16, б. 243-244, 17, б. 23-53].

КЛ алу технологиясының оңтайлы шешімдеріне қарамастан, бұрын жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қорытпаның өздігінен шашырауына және болат балқыту өндірісінің алынатын КЛ-ға қойылатын талаптарға байланысты бірқатар проблемалар анықталды. Fe-Si-Mn-Al КЛ балқыту кезіндегі технологиялық тиімсіз жақтарының бірі де бірегейі – қорытпаның сууы кезінде, қалыптарға құйылғаннан кейін өздігінен шашырай бастауында. Қорытпа алдымен жарылып, содан кейін ұнтақ түрінде ыдырайды. Шашыраудың негізгі себептері ретінде қорытпаның қайта кристалдануы кезіндегі көлемді өзгерістер деп саналады [1, б. 62-68; 2, б. 66-69]. Сонымен қатар, қорытпаның шашырауына бейімділік фосфор мен алюминийдің бір мезгілде болуы болып табылатынын келтіреді. Бұл мәселенің негізгі себепін анықтау термодинамикалық диаграммалық талдауды қолдана отырып, алынатын қорытпаның фазалық құрамын зерттеу болып саналады [18-20].

Осылайша, табиғи шикізат пен техногендік қалдықтардан құрамында кремний, марганец және алюминий бар қорытпаларды алуды зерттеуге арналған ғылыми-зерттеу әзірлемелерінің бастапқы базасының болуына, сондай-ақ ұзақ жылдарға жеткілікті шикізат базасының бар болуына қарамастан, бүгінгі таңда Fe-Si-Mn-Al КЛ өндірісінің нақты технологиясы ұсынылмаған.

Тақырыпты әзірлеу негіздемесі және бастапқы деректер

Қазіргі уақытта болат өндірісінің әлемдік көлемі жылына шамамен 2 млрд. тонна. 2021 жылы Қазақстан 4,4 млн.т болат өндірді, осылайша болат өндірісін өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға (2020 ж. - 3,8 млн. т) арттырды. Оның ішінде 1,49 млн.тоннасы экспортталды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 24%-ға артты [21]. Болат өндірісі көлемінің өсуі болатты оттексіздендіру және өңдеу үшін қолданылатын ферроқорытпалар өндірісін ұлғайтуды талап етеді. Алайда, жоғары сапалы марганец шикізаты мен кокстелетін көмірдің тапшылығы жағдайында ферроқорытпа өндірісіне тікелей қолданылмайтын марганец кендерін өңдеудің және жоғары күлді көмірді пайдаланудың тиімді технологиялық тәсілдерін іздестіру мәселесі болып отыр. Мәселені шешудің перспективті бағыттарының бірі стандартты емес шикізат негізінде Fe-Si-Mn-Al КЛ өндірісін ұйымдастыру болып табылады.

Сонымен қатар, құрамында кремний, марганец және алюминий бар КЛ қолдану энергия ресурстары мен қолданылатын материалдарды үнемдеу есебінен, болаттың сапасын жоғалтпай металл өнімінің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл сапалы сипаттаманы марганец, кремний дәстүрлі ферроқорытпаларын және техникалық таза алюминийді алмастыра отырып, лигатура алу үшін құрамында марганец бар кендерді және жоғары күлді көмірді металлургиялық қайта өңдеуге тарту арқылы шешуге болады.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ұлттық ғылыми кеңестің, «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басым бағыты бойынша, соның ішінде «Табиғи шикізат пен техногендік қалдықтарға негізделген көпмақсатты мақсаттағы жаңа материалдар» мамандандырылған ғылыми бағыты бойынша жүргізілген Қазақстанның жоғары күлді көмірі және марганец кендерін қолдана отырып, Fe-Si-Mn-Al КЛ өндіру технологиясын жетілдіру бойынша зерттеу нәтижелері келтірілді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігін негіздеу

Құрамында марганец пен кремний бар ферроқорытпалардың стандартты маркаларын, сондай-ақ болатты оттексіздендіру және өңдеу кезінде қолданылатын алюминийді алудың қолданыстағы технологиялары, шикізат құрамына жоғары сапалы табиғи шикізат және қымбат материалдар (жоғары сортты кен материалдары, алюминий ұнтағы және металлургиялық кокс) пайдаланылады. Сонымен бірге жоғары күлді көмірдің, сондай-ақ алдын ала өңделмеген және байытылмаған құрамында марганец бар кендердегі негізгі элементтерді кешенді лигатура құрамындағы кремний, марганец және алюминийдің арзан көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ал ол өз

кезегінде стандартты ферроқорытпаларды толық немесе жартылай ауыстырға мүмкіндік туғызып, оларды өндіруде қолданылатын қымбат жоғары сапалы материалдарға деген сұранысты азайтады. Жоғарыда аталған негіздемелер осы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етті.

Әзірлеменің жоспарланып отырған ғылыми-техникалық деңгейі, патенттік зерттеулер жөніндегі мәліметтер мен олардың қорытындылары

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында әдебиеттер мен патенттік зерттеулерге шолу жасалды. Шолу нәтижелері металлургиялық қайта өңдеуге ферроқорытпа өндірісіне тікелей пайдаланылмайтын марганец кенін және энергетикалық емес жоғары күлді көмірді тарта отырып, құрамында кремний, марганец және алюминий бар КЛ алу мәселесінің кенінен зерделенгеніне қарамастан және оны балқыту, сонымен қатар болатты оттексіздендіру кезінде қолдану технологиясының ұсынылмағанын көрсетті.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Қазақстанның жоғары күлді көмір мен марганец кендерін қолдана отырып, Fe-Si-Mn-Al КЛ өндірудің теориялық негіздерін дамыту және технологиясын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Диссертацияның метрологиялық қамтылуы жөніндегі мәліметтер

Зерттеу жұмысын орындау кезінде сынамаларды дайындау және іріктеу МемСТ-ке сәйкес жүргізілді. Барлық бастапқы шихта материалдары мен алынған қорытпаның тәжірибелік үлгілеріне химиялық талдау ҚР СТ ISO/IEC 17025-2007 талаптарына сәйкес химиялық және физикалық талдаулардың заманауи сертификатталған әдістемелерімен және тиісті стандартталған аспаптармен, аттестатталған сынақ жабдықтарымен және өлшеу құралдарымен қамтамасыз етілген ҚР аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген сынақ орталығының сертификатталған зертханасында жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарын орындау үшін КарИУ «Металлургия» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы» өнеркәсіптік алаңы мен ХМИ эксперименттік-өндірістік учаскесіндегі ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті материалдық-техникалық зерттеу инфрақұрылымы пайдаланылды.

Бастапқы шихта материалдары мен ақырғы өнімдердің фазалық құрамы мен құрылымын зерделеу және талдау кезінде жұмыстың бір бөлігі ИМЕТ базасында жоғары және төмен температуралы камералар жиынтығымен, поликапиллярлы оптика жүйесімен жабдықталған жапондық XRD 7000C рентгендік дифрактометрінде, сондай-ақ «Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ базасында өрістік эмиссиясы бар катодты FEG SEM (TESCAN MIRA3) сканерлейтін электрондық микроскопта және «Назарбаев Университеті» АҚ базасында көпфункционалды Rigaku SmartLab рентгендік дифрактометрінде жүргізілді.

Тақырыптың өзектілігі

Жұмыстың өзектілігі жоғары сапалы металдар мен металл бұйымдарын өндірудің ұлғаюымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тікелей ферроқорытпа өндірісіне қолдануға жарамсыз құрамында марганец бар кендерді және энергетикалық емес жоғары күлді көмірді металлургиялық қайта өңдеуге тарту болып саналады.

Жоғары сапалы металдар мен металл бұйымдарын өндірудің көлемінің ұлғаюымен қатар сапа да жыл сайын артып келеді, оның аясында өндірушілер бәсекеде сапаны жоғалтпай, энергия ресурстары мен қолданылатын материалдарды үнемдеу арқылы металл өнімдерінің құнын төмендетуге тырысуда. Болаттың сапасын жақсартуды құрамында кремний, марганец және алюминий бар КЛ-ды қолдану арқылы қамтамасыз етуге болады, олар оттектендіру сатысында болатты оттегі мен металл емес қоспалардан терең тазартуға ықпал етеді.

Fe-Si-Mn-Al КЛ-ды балқыту бойынша бұрын ғылыми-зерттеу жұмыстары шихта құрамында марганец кенін, жоғары күлді көмірді, кварцитті және т. б. пайдалана отырып, жүргізілген. Шикізат материалдарындағы үш және одан да көп компоненттерді балқыту кезінде процесті реттеудің қиындығы және КЛ өздігінен шашырауының белгісіздігі тұрақты технологиялық режимге шығуға мүмкіндік бермеді. Қазіргі уақытта жинақталған практикалық тәжірибе, жүргізілген теориялық зерттеулер КЛ-ды балқыту мәселесін жаңа тұрғыдан шешуге мүмкіндік беруде. Ал химиялық құрамы бірнеше элементтен тұратын КЛ-ды табиғи шикізат материалдарынан және техногенді материалдардан бір сатылы карботермиялық қожсыз тәсілмен алудың әлемдегі аналогтары кездеспейді.

КЛ алу технологиясын әзірлеу Қазақстан Республикасының тікелей ферроқорытпа өндірісіне қолдануға жарамсыз марганец кен орындарының өндірісін арттыруға және жаңадан кен орындарды әзірлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ бұрын халық шаруашылығы секторында ғана пайдаланылатын көмір кен орындарын өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жоғары күлді көмірді пайдалана отырып, КЛ өндіру технологиясын игеру Қазақстанның ферроқорытпа өндірісінің ұзақ мерзімді шикізат базасы ретінде Қазақстанның көмір кен орындарының рөлін айқындайды.

Тақырыптың жаңалығы: теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижесінде тыныш және жартылай тыныш болат өндірісінде оттектендіргіш ретінде қолдануға бағытталған тікелей ферроқорытпа өндірісіне қолдануға жарамсыз марганец кені немесе марганец кені және кокс қалдығынан дайындалған брикет пен энергетикалық тұрғыдан жарамсыз болып табылатын жоғары күлді көмірден өздігінен шашырауға ұшырамайтын КЛ-ды алу технологиясы әзірленді.

Жұмыстың өзге ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы

Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ұлттық ғылыми кеңестің «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басым бағытымен тығыз байланысты және АР08052301 – «Жоғары белсенді Al-Mn-Ca-Si элементтерінен тұратын қорытпамен металл емес қоспалардан тазарту және өңдеу жолымен сапалы болат құю өндірісі технологиясын әзірлеу» жобасы бойынша 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – ҚР-дың құрамында марганец бар шихта материалдарынан және жоғары күлді көмірлерінен Fe-Si-Mn-Al құрайтын кешенді лигатуралар алу технологиясын әзірлеу болып табылады. Бастапқы шихта материалдары мен алынған өнімдердің физикалық-химиялық сипаттамаларын зерттеу. Кешенді лигатураны балқыту процесінің ұтымды технологиялық параметрлерін анықтау.

Зерттеу нысаны – ҚР құрамында марганец бар кендерден және жоғары күлді көмірлерінен өздігінен шашырамайтын Fe-Si-Mn-Al КЛ-ды алу процесі болып табылады.

Зерттеу пәндері – бастапқы шихта, оның ішінде тікелей ферроқорытпа өндірісіне қолдануға жарамсыз марганец, жоғары кремнийлі кендер, энергетикалық емес жоғары күлді көмір, марганец кені мен кокстен алынған брикет, сондай-ақ Fe-Si-Mn-Al негізіндегі кешенді лигатура болып табылады.

Зерттеу міндеттері және олардың ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудағы орны

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында марганец кенін және жоғары күлді көмірді тотықсыздандырғыш ретінде пайдалана отырып, КЛ (АМС) балқыту технологиясы, олардың болат өндірісінде қолданылуы жөніндегі мәселенің қазіргі жай-күйіне қысқаша талдау жүргізілді. Fe-Si-Mn-Al негізіндегі КЛ-дың осы уақытқа дейін технологиясының жасақталуына кедергі, негізгі кемшілігі айқындалды. КЛ-ды балқыту үшін шихта материалдарының Қазақстан Республикасындағы перспективті шикізат базасы бойынша аналитикалық шолу жүргізілді. Мәселенің жай-күйі мен ұсынылған технологиялардың анықталған кемшіліктерін талдау негізінде қорытынды жасалып, зерттеу міндеттері белгіленді.

Екінші тарауда термодинамикалық диаграммалық талдау әдісімен жасалған теориялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген, Fe-Si-Mn-Al төрт компонентті металл жүйесіне фазалық талдау жасалып, жүйенің тетраэдрациясы жүргізілді, нәтижесінде 56 қарапайым тетраэдр анықталды. Термодинамикалық диаграммалық талдау нәтижелері бойынша осы жұмыстың бірінші бөліміндегі негізгі кемшіліктердің бірі де бірегейі ретінде көрсетілген алынған қорытпаның шашырауына әсер ететін аймақ анықталды.

Математикалық жоспарлауды және технологиялық процестерді модельдеудің әмбебап модульдері бар термохимиялық HSC Chemistry бағдарламалық кешенін қолдана отырып, толық термодинамикалық талдау (ТТТ) негізінде КЛ алудың технологиялық процесі болжамдалды.

КЛ-дың негізгі элементтерінің қорытпаға ауысуының оңтайлы жағдайларын іздеуде екінші ретті айналмалы жоспарларға негізделген зерттеу әдісі қолданылды, тиісті регрессия теңдеуін алу және оңтайландыру параметрлерінің геометриялық бейнесін құру Стьюдент критерийі бойынша, ал теңдеудің адекваттылығы Фишер критерийі бойынша анықталды. Алынған мәліметтер төртінші бөлімде КЛ зертханалық және ірі зертханалық балқыту кезінде қолданылды.

Үшінші тарауда зертханалық жағдайда бастапқы шихта материалдарына металлургиялық бағалау жүргізілді: марганец кендерінің жұмсару дәрежесі мен

көміртекті шихта материалдарының меншікті электрлік кедергісі анықталды. Кендегі марганецтің мөлшері неғұрлым көп болса, жұмсарту процесі жоғары температура аймағында жүретіндігі және жұмсару процесінің температура аралығы азаятындығы анықталды. Құрамында көміртегі бар материалдардың электр кедергісін зерттеу бойынша алынған нәтижелер кен термиялық пештерде зертханалық және ірі зертханалық сынақтар жүргізу үшін базалық және негіз қалаушы мәлімет ретінде анықталды.

Төртінші тарауда зертханалық зерттеулердің және екінші тарау бойынша алынған теориялық тұжырымдар нәтижелері негізінде қуаттылығы 150 және 200 кВ·А зертханалық және ірі зертханалық кен термиялық пештерде феррокорытпа өндірісіне тікелей жарамсыз марганец кендерін, құрамында марганец бар брикеттерді және жоғары күлді көмірді пайдалана отырып, КЛ-ды балқыту технологиясы әзірленді. Қуаттылығы 150 кВ·А зертханалық пеште жүргізілген тәжірибелік сынақтар ұсынылған шихта материалдарын пайдалана отырып, Fe-Si-Mn-Al КЛ балқытып алыну мүмкінділігі айқындалды. Ал қуаттылығы 200 кВ·А ірі зертханалық кен термиялық пеште сынақтар сериясы жүргізілді, құрамында марганец бар кеннен, брикеттерден және жоғары күлді көмірден КЛ алудың принципті мүмкіндігі айқындалды және технологиясы пысықталды.

Зерттеудің әдістемелік базасы

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде қолданылатын зерттеулер мен талдаулардың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

– зерттелетін жүйенің термодинамикалық диаграммалық талдауы үшбұрышты тетраэдрге беттестіру әдісімен геометриялық тетраэдрациялар негізінде жүргізілді;

– Гиббс энергиясын азайтуға және термодинамиканың вариациялық қағидаттарына негізделген HSC Chemistry (Outokumpu, Финляндия) бағдарламалық кешенінің «Equilibrium Compositions» модулін тікелей қолдана отырып Fe-Si-Mn-Al құрайтын КЛ-ды балқыту процесін термодинамикалық модельдеу;

– адекватты регрессия теңдеуін анықтау және екінші ретті рототабельді жоспарларға негізделген параметрлердің геометриялық бейнесін құру;

– МемСт 26517-85 сәйкес марганец кеннің жұмсаруының басталу температурасын және жұмсарудың температуралық аралығын анықтау;

– РФА УрБ ИМЕТ әдістемесін қолдана отырып, әртүрлі кен орындарының жоғары күлді көмірлерінің меншікті электр кедергісін анықтау;

– қуаттылығы 150 және 200 кВА кен термиялық электрлі пештерде кешенді лигатураны балқыту;

Бастапқы шихта материалдары мен ақырғы өнімдердің фазалық құрамы мен құрылымын зерттеу және талдау үшін:

– жоғары және төмен температуралы камералар жиынтығы мен поликапиллярлы оптика жүйесі бар XRD7000C (Shimadza, Жапония) рентгендік дифрактометр (РФА УрБ ИМЕТ, Екатеринбург қ. РФ);

– өрістік эмиссиясы бар катодты FEG SEM (Tescan MIRA3) сканерлейтін электронды микроскоп (Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті);

– көпфункционалды Rigaku SmartLab рентгендік дифрактометр («Назарбаев Университеті» АҚ) қолданылды.

Қорғауға шығарылған қағидалар:

– КЛ-дың фазалық-құрылымдық құрылымы негізінде қорытпаның шашырауын зерттей отырып, Fe-Si-Mn-Al металл жүйесінің термодинамикалық диаграммалық талдау нәтижелері;

– технологиялық процестерді модельдеудің әмбебап модульдері бар термохимиялық бағдарламалық кешенді қолдана отырып, КЛ-ды алу процесін термодинамикалық модельдеу нәтижелері;

– КЛ алу үшін құрамында марганец бар әртүрлі кен орындары мен жоғары күлді көмір кендерінің физикалық-химиялық қасиеттері бойынша алынған жаңа эксперименттік деректердің нәтижелері: марганец кенінің жұмсаруының бастапқы, соңғы және температуралық аралықтары, жоғары күлді көмірдің меншікті электр кедергісі;


– жоғары температуралар кезінде микроқұрылымды зерттей отырып, құрамында марганец бар кен мен кокс қалдықтарынан алынған брикеттердің оңтайлы құрамын анықтау бойынша зерттеу нәтижелері;

– марганец кені, брикет пен жоғары күлді көмірді пайдалана отырып, лигатура үлгілерін алуда, қуаттылығы 150 және 200 кВ·А кен термиялық пештерде жаңа кешенді лигатураның зертханалық және ірі зертханалық сынақтар нәтижелері;

– Fe-Si-Mn-Al құрайтын жаңа КЛ-дың физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері.

1 КРЕМНИЙ, МАРГАНЕЦ ПЕН АЛЮМИНИЙ ҚҰРАМДАС ҚОРЫТПАЛАРДЫ БАЛҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ, КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАНЫ БАЛҚЫТУҒА ҚАЖЕТТІ ШИКІЗАТ БАЗАСЫНА САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ

Қара металлургияның дамуының басымдық бағыты жоғары сапалы металдар мен металл бұйымдарды өндіру көлемін ұлғайту болып табылады. Металлургия өнеркәсібі – Қазақстан экономикасының жетекші салаларының бірі. Ал металлургиялық өнеркәсіптің негізгі өнімдерінің бірі – болат. Қазақстанда болатты өндірудің негізгі өндірушісі болып қара металлургия алпауыты «АрселорМиттал Теміртау» АҚ саналады. Қазақстан Республикасының соңғы бес жылдағы (2017-2021 ж.ж.) болат өндірісінің көлемі, болат өнімдерінің экспорты мен әлемде алатын орны [21], 1.1-суреттегі графикте көрсетілген. Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының әлемдік болат өндірістегі үлесі 0,21-0,26 % шамасында.



Сурет 1.1 – Қазақстан Республикасының болат өндірісінің 2017-2021 жылдардағы потенциалы

Әлемдік болат өндірісіне деген сапа стандарттары жыл сайын артып келеді, оның аясында өндірушілер бәсекеде сапаны жоғалтпай, энергия ресурстары мен қолданылатын материалдарды үнемдеу арқылы металл өнімдерінің құнын төмендетуге тырысады. Болаттың сапасын жақсартуды, оттегімен өңделген болатты өттегі мен металл емес қоспалардан терең тазартуға ықпал ететін, құрамында кремний, марганец және алюминийден тұратын кешенді қорытпаларды немесе лигатураларды қолдану арқылы қамтамасыз етуге болады. Қазақстанның ферроқорытпа саласын дамыту бағыттарының бірі ферроқорытпа өндірісіне тікелей қолданылмайтын

материалдар: құрамында темір мен кремнийдің мөлшері жоғары марганец кендері мен жоғары күлді көмірді металлургиялық қайта өңдеуге тарта отырып, Fe-Si-Al-Mn негізінде КЛ балқыту болып табылады.

Ферроқорытпалар мен КЛ болат пен арнайы қорытпалардың өндірісінде оттексіздендіру үшін, металл емес қоспаларды жою үшін және болатты легірлеу мен құрамын түзету үшін қолданылады. Тарихи деректерге сүйенсек, КЛ бірнеше ферроқорытпаларды балқыту жолымен дайындалды. Алайда, бұл әдіс үнемсіз, себебі дайын ферроқорытпаны қайта қыздырып, балқыту және өңдеу керек. Бұл энергия мен материалдардың айтарлықтай шығынына әкеледі және қоршаған ортаны ластауы мүмкін. Сондықтан КЛ стандартты ферроқорытпаларды алу технологиясы негізінде, тікелей табиғи және техногенді шикізаттан тотықсыздандырып алып балқытуға болатындығы болжанды [3, б. 495-500].

Соңғы фактор бірнеше элементтерді бірлесіп тотықсыздандыру, олардың белсенділігінің едәуір төмендеуіне (элементтерді ең жақсы бөліп алу) және балқу температурасына (эвтектиканың түзілу және т.б.) негізделген. Қорытпаларды тікелей өндіруде болатқа элементтердің тиімді тотығуын және жеткізілуін қамтамасыз ететін, жекелей FeSi, FeMn және Al қолдану кезінде мүмкін емес, құрамында кремний, марганец және алюминий бар, КЛ технологиясын құру кезінде бұл қасиетті едәуір жақсартуға болады [7, б. 37-42, 8, б. 161-162].

Г.В. Медведев пен Т.Д. Такеновтің авторлық еңбектерінде [1, б. 62-68] ферроқорытпа өндірісінде тікелей қолданылмайтын шикізат материалдарынан: құрамында марганеці бар төмен сұрыпты марганец кенінен, жоғары күлді көмірден және көмірлі жыныстардан тұратын КЛ балқыту мүмкіндіктері көрсетілген. Бір балқыту агрегатында бірнеше қиын және жеңіл тотықсызданатын элементтерді бірге тотықсыздандыру арқылы КЛ-ды қожсыз үрдіспен алудың өзіндік артықшылығы байқалды.

1.1 Қазақстан Республикасында құрамында кремний, марганец, алюминий бар кешенді лигатураларды балқыту мәселесінің жай-күйі

Болат балқыту өндірісінде негізінен кремний мен марганец ферроқорытпа түрінде және алюминий техникалық таза түрінде тұтынылады. Әлемде 1 млрд. тонна болатты өндіру кезінде металлургия саласындағы кремний мен алюминийдің шығыны таза металға қайта есептегенде, сәйкесінше 5 млн.т және 1,5 млн. т шығынды құрайды. Кремний мен алюминийдің көрсетілген мөлшерін алу үшін табиғи шикізаттың таза түрлерінің (каолинит, кварц, боксит және кокс) едәуір көлемі, сондай-ақ 110 млрд.кВт·сағаттан астам электр энергиясы жұмсалады [22].

Ферроқорытпа саласы болат балқыту өндірісімен қатар дамып келеді және бұл бағыт жалғасын табады, өйткені ферроқорытпалар мен лигатуралардың негізгі тұтынушысы болат пен арнайы қорытпалар өндірісі және машина жасау саласы болып табылады. Тот баспайтын болатты қолданудың тез өсуі хром (FeCr) және никель (FeNi) ферроқорытпа өндірісінің

өсуіне әкелді, орташа жылдық өсу қарқыны жылына кемінде 5% құрайды. Бұл тот баспайтын болаттың шектеулі болуына байланысты, яғни бастапқы легірлеуші материалдарға, әсіресе Cr, Ni және Mo-ға сұраныс болады. Басқа ауқымды өндіріске ие FeMn, FeSi және SiMn ферроқорытпаларына келетін болсақ, сұраныс төмен легірленген көміртекті болатпен көбірек байланысты. Өсім жылына орта есеппен 2% болады деп күтілуде. Мұндай өсу қарқыны 2% болған кезде әлемде жыл сайынғы болат өндірісі 2040 жылға қарай 2 500 млн. тоннадан асады деп күтілуде, бұл ферроқорытпа өнеркәсібінің түрлі секторларында айтарлықтай өсуді білдіреді.

Қазіргі уақытта өнеркәсіпте болатты оттексіздендіру үшін ферроқорытпалардың дәстүрлі маркалары: ферросилиций ФС45, ФС65, ФС75; ферромарганец ФМн70, ФМн78 мен жоғары сапалы шикізаттан алынған техникалық таза алюминий қолданылады.

Болашақта ферроқорытпалар мен лигатуралардың маркалары мен сапасына қойылатын талаптар қандай болады? Ферроқорытпалардың негізгі құрамы бастапқы шикізатқа, өндіріс технологиясына, тапсырыс берушілердің тілектері мен талаптарына байланысты. Алынған ферроқорытпалардың бағасы алынатын болаттың құрамына тікелей әсер етеді. Болат өндірушілер өзіндік құны төмен сапалы өнім шығаруы керек. Бұл әсіресе жоғары тоннажды тыныш және жартылай тыныш болат маркаларын өндіруде көрінеді. Болаттың тыныш және жартылай тыныш маркаларын өндіру FeSi, FeMn, SiMn ферроқорытпаларынсыз, сондай-ақ металл емес қоспалардан болатты оттексіздендіру және өңдеу үшін қолданылатын техникалық таза алюминийсіз мүмкін емес. Ферроқорытпалардың жоғарыда аталған түрлерін: ферросилиций ФС45, ФС65, ФС75; ферромарганец ФМн70, ФМн78 және техникалық таза алюминий өндіру үшін жоғары сапалы табиғи шихта материалдары мен көп мөлшерде энергия шығындары талап етіледі.

Бүгінгі таңда ХМИ ғалымдары ферроқорытпа өндірісіне тікелей қолдануға жарамсыз марганец кені мен жоғары күлді көмірді металлургиялық өндіріске тарта отырып, КЛ алу технологиясын белсенді түрде дамытып, жетілдіруде. Бұл марганец кені мен жоғары күлді көмірден құрамында Si, Mn және Al тұратын КЛ (АМС) алудың принципті мүмкіндігін зерделеген ғалым-зерттеушілер еңбектерінің жалғасы болып табылады. Өкінішке орай, қорытпаны алу технологиясын жолға қою мен өндірістік ағынға ферросиликоалюминий (ФСА) [14] ретінде қою мүмкін оңай емес, себебі, пайдаланылатын шикізат материалдары: марганец кені мен жоғары күлді көмірдің химиялық және минералогиялық құрамының әртектілігі; алынатын қорытпаның өздігінен шашырау себебінің нақты анықталмауы және де осы құбылысты неғұрлым егжей-тегжейлі зерттелуді талап етеді. Сонымен қатар, болат балқыту мен машинажасау саласында Fe-Si-Mn-Al КЛ химиялық құрамына қойылатын стандарттар мен техникалық шарттар әлі әзірленбеген.

Кеңес Одағының қалыптасу кезеңінде де жоғары сапалы болат бойынша Бірінші Бүкілодақтық конференцияда (1933 ж.) кешенді оттексіздендіргіштерді қолданудың орындылығы анықталды. Алайда, кешенді қорытпалар КСРО-да да, шетелдік капиталистік елдерде де ауқымды өндіріске ие болмады. Бірақ

зерттеу нәтижелері болатты оттексіздендіру үшін күрделі қорытпаларды, соның ішінде АМС қолданудың өте тиімді екенін көрсетті [23-28].

АМС кешенді қорытпаларымен оттексіздендіру дәстүрлі оттексіздендіргіштермен ферромарганец, ферросилиций және алюминиймен салыстырғанда құрамында металл емес қосындылары аз болат алуға мүмкіндік береді. АМС кешенді қорытпасының оңтайлы құрамы, %: 10 Mn, 10 Si, 10 Al және 20 Mn, 20 Si, 10Al деп көрсетілген [24].

А.М. Самарин сұйық болатта кремний мен алюминий элементтері бір уақытта болған кезде оттексіздендіру қабілетін анықтаудың басымдылығын және АМС кешенді қорытпасы түріндегі оттексіздендіргіштерді қолданудың орындылығын атап өтті [26]. Зерттеуші ғалымдар Ф.П. Еднерал, А.М. Самарин және т.б. АМС кешенді қорытпасы оттексіздендіргіш ретінде оң сипаттамаларға ие екенін анықтады [25, 27]. Мысалы, Mn:Si:Al – 4:1:0,4 қатынастағы АМС кешенді қорытпасы болаттың диффузиялық оттексіздендірілуін оттексіздендіру кезеңінің басында тұндырумен алмастыру үшін оттексіздендіруді жылдамдатуға және металл емес қоспаларды жоюға, сондай-ақ күкіртсіздендіру кезеңінің ұзақтығын қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың тұжырымы болаттағы оттекті қоспалардың құрамы оттексіздендіру процесінде АМС кешенді қорытпасындағы Mn:Si қатынасы артқан сайын азаяды. Mn:Si:Al – 6:1:0,25 қатынастағы АМС кешенді қорытпасымен оттексіздендірілген болаттың құрамында Mn:Si:Al - 1:1:0,25 қатынастағы қорытпамен оттексіздендірілген болатқа қарағанда үш есе аз тотықтар бар екендігі анықталды, яғни кешенді қорытпадағы марганецтің мөлшері және марганецтің кремнийге мен алюминийге қатынасы елеулі мәнге ие екендігін көрсетеді. С. Н. Голубев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде алғаш рет қандай шикізат материалдарынан кешенді оттексіздендіргішті алу қажеттілігі, әртүрлі әдістермен және шикізат материалдармен алынған нәтижелері төмендегідей [29]:

1) Тоқ өткізгіш түбі бар бір фазалы тотықсыздандыратын шахталық электр пешінде балқыту. Шикізат материалдары: марганец кені, боксит, кварцит, темір жоңқалары және ағаш көмір;

2) Алюмотермиялық әдіспен пештен тыс балқыту ваннасында балқыту. Шикізат материалдары: марганец кені, кварцит, күйінді, калий және алюминий нитраты;

3) Бірге балқыту. Шикіқұрам материалдары: көміртекті ферромарганец, 45% ферросилиций, техникалық таза алюминий және болат жоңқалар.

1.1-кестеде қолданылған АМС КЛ –дың химиялық құрамы келтірілген.

Кесте 1.1 – АМС кешенді қорытпасының химиялық құрамы, %

Әдіс	Mn	Si	Al	C	P	S
1	25,2-26,7	12,6-13,2	5,3-5,7	3,6	0,4	0,01
2	22,24	15,45	5,40	0,28	0,019	0,21
3	23-27	12-19	5,6-5,8	1,8	0,25	0,15

Болатты оттексіздендіру кезінде дайын болаттағы оттегі мен металл емес қоспалардың мөлшері АМС кешенді қорытпасын өндіру әдісіне байланысты емес екендігі анықталды, ал АМС кешенді қорытпасын пайдалану кезінде болаттың тазалығы тек бір оттексіздендіргішпен салыстырғанда артатындығы анықталды. Ғалымдар қорытпаның құрамының өзгеруі металл емес қоспалармен ластануға әсер етпейтінін атап өтті.

Электр доғалы және мартен пештерінде болатты балқыту кезінде АМС КЛ қолдану Ф.П. Еднерал, З.М. Калинина, А.И. Комиссаров, Н.В. Кейс еңбектерінде зерттелген [30-33]. Болатты электр доғалы балқыту кезінде АМС КЛ оттексіздендіру кезеңінің басында металлға енгізілді, ал Челябинск металлургия зауыты жағдайында болат мартен пешінің шөмішінде алдын-ала оттексіздендірілді. Қолданылған АМС КЛ құрамы: 60-78% Mn, 11-17% Si 4-7% Al шегінде болды.

Кремнийдің 10% және алюминийдің 5% тұрақты құрамы кезінде марганецтің құрамын 10%-дан 60%-ға дейін өзгерте отырып, болатты АМС КЛ-мен оттексіздендіру жүргізілді [34]. Нәтижесі көрсеткендей, КЛ болаттың оттегі мен металл емес қоспалардан тазалығын едәуір арттыратынын көрсетті. Кешенді болаттағы марганецтің мөлшерінің жоғарылауы жоғарыда аталған сипаттамаларға оң әсер етеді.

И. П. Казачков, Д.Я. Поволоцкий және т. б. ғалымдар АМС КЛ -ды шөміште оттексіздендіру үшін және болатты алдын-ала оттексіздендіру үшін қолданды, оның нәтижелері болаттың ұсақ бөлшектелген металл емес қоспалардың басым болуымен алынғанын және металл емес қоспамен байланысты дайын металл өнімдерінің ақаулығы салыстырмалы түрде азайғанын көрсетеді [35, 36, б. 13-17].

Болаттың тыныш және жартылай тыныш маркаларынан басқа, АМС КЛ 12ХНВА және 18ХНВА хромды болаттарын оттексіздендіру үшін де қолданылды. Оң нәтиже доғалы пеште оттексіздендіру кезеңінің ортасында 18ХНВ болатын оттексіздендіру болды [7, б. 37-42].

Шет елдердің (АҚШ, Жапония, Англия, Франция, Италия және т.б.) тәжірибесінде КЛ-ды, соның ішінде Si, Mn және Al қорытпаларын алу және қолдану тәжірибесі бар. Дайын өнімнің сапасын жақсарту және қара металлургияда техникалық таза алюминийді тұтынудың азайғаны сипатталады [37, 38].

Жапонияда құрамында: 18-22% Si, 18-22% Mn және 18-22% Al бар қорытпа бірге балқыту әдісімен алынған. Бұл әдістің елеулі кемшілігі жоғарыда айтылғандай, балқытып алудың қымбаттығында. Алынған КЛ тек ерекше жағдайларда ғана қолданылады және жаппай өндірілген болаттарды оттексіздендіруде қолдануға экономикалық жағынан тиімсіз. АҚШ пен Италияда марганец мөлшері жоғары кендердің жетіспеушілігін ескере отырып, оттексіздендіру технологиясын жеңілдету және болаттың сапасын жақсарту мақсатында марганецтің кремнийге қатынасы 2-2,5 болатын қорытпаның өндірісі ұйымдастырылды. Құрамында марганец пен кремний бар және оттексіздендіруде қолданылатын қорытпалардағы Mn/Si қатынасы ерекше

мәнге ие. Ферросилицийді қолданбайтын нәтижеге қол жеткізуге болады, бірақ болаттың мұндай сорттары аз.

Ферроқорытпа саласында шикізатты кешенді қайта өңдеу тиімділігін арттыруға дайындалған шикіқұрамды (кен мен тотықсыздандырғышты бірге брикеттеу) қолдану ықпал етеді. Қождағы элементтердің белсенділігін арттыратын қождамалардың жаңа түрлерін пайдалану арқылы, мысалы, құрамында сілтісі бар қождамалар; үйінді қождарды қосымша тотықсыздандыру, шикізат материалдарын дайындау, тасымалдау, құймаларды құю және бөлу кезінде пайдалы компоненттердің механикалық шығындарын азайту және т.б.

КСРО-да кесектелген материалдар іс жүзінде қолданылмады. Сонымен қатар, шетелде (АҚШ, Жапония, Оңтүстік Африка) хром қорытпаларын, ферросилицийді алу үшін брикеттелген шихта қолданылды [38-39]. Кеңес зерттеушілері (А. П. Ем, С. И. Хитрик, А. Т. Хвичия және т. б.) жүргізген эксперименттер ферросилиций, марганец және басқа ферроқорытпаларды өндіруде брикеттелген шикіқұрамды қолданудың тиімділігін көрсетті [40-43].

Осылайша, барлық дерлік АМС КЛ-мен оттексіздендіру зерттеулері, қорытпаның жеке дәстүрлі оттексіздендіргіштермен салыстырғанда, сөзсіз артықшылықтары бар екенін көрсетті. АМС КЛ-дың оңтайлы құрамына қатысты зерттеушілердің пікірлері бірдей емес және бір-біріне қайшы келеді. Марганецтің мөлшері сәйкесінше 10%-дан 78%-ға дейін, кремний 10-20 %, алюминий 4-10% аралығын құрайды. Бірақ АМС КЛ-мен болатты оттексіздендіру бойынша жоғарыда аталған зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, дайын өнімді оттектен және металл емес қоспалардан тазарту үрдісін жылдамдататындығы анықталды.

АМС КЛ-ды кешенді оттексіздендіргіш түрінде қолдану бойынша аналитикалық шолудың нәтижелері көрсеткендей, болаттың құрамында металл емес қоспалардың мөлшерінің төмендеуіне әкелетдігін көрсетеді. Болатты кешенді оттексіздендіру идеясы болатты оттексіздендіру өнімдері сұйық түрінде алынады, өйткені әртүрлі оттексіздендіргіштердің екі-үш тотығы оңай балқитын фазаны құрайды, ал металл емес қоспалар оттексіздендіру өнімдері ретінде оңай үлкейіп, сұйық металдан бөлініп шығады. Мұндай технология дәстүрлі оттексіздендіргіштердің бірін толығымен немесе ішінара алмастыра отырып, КЛ-ды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Болатты АМС КЛ-мен оттексіздендіру келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- металл емес қоспаларды азайту есебінен болаттың сапалық көрсеткішін жоғарылату;
- кешенді оттексіздендіргіштің бір компонентінің пайдалану тиімділігін басқа компоненттермен қорғау арқылы арттыруға мүмкіндік береді;
- металл емес қоспаларды металдан шығаруды жеңілдету мақсатында олардың құрамы мен морфологиясын жақсарту;
- дайын өнімнің қасиеттеріне металл емес қосындылардың зиянды әсерін азайту.

АМС КЛ-ды алу туралы, сондай-ақ КЛ-ды қолдану нәтижелері туралы мәліметтер Химия-металлургия институтының ғалымдары Г.В. Медведев пен Т.Д. Такеновтің «Сплав АМС» ғылыми еңбегінде толығырақ келтіріледі, онда алюминосиликомарганец КЛ-ды алу процесін зертханалық, эксперименттік және технологиялық зерттеу нәтижелері берілген. АМС КЛ-ды алу кезінде қолданылатын шикізат материалдары марганец кені мен жоғары күлді көмірдің барлық жетекші элементтерін пайдалану бойынша теориялық негіз қаланды. Химия-металлургия институты Ермаков (Ақсу), Ақтөбе және Зестафон (Грузия) ферроқорытпа зауытымен бірлесіп әзірлеген АМС КЛ балқыту бойынша техникалық-экономикалық және технологиялық көрсеткіштері келтірілген. Нәтижесінде құрамында Si, Mn және Al бар АМС КЛ жоғары күлді көмір мен марганец кенін қожсыз көміртекті (карботермиялық) процеспен бірге тотықсыздандыру жолымен алынды [1, б. 75-98]. Сонымен қатар М.И. Друинский мен В.И. Жучковтың «Қазақстанның минералды шикізатынан кешенді ферроқорытпаларды алу» ғылыми еңбегінде тек қана АМС КЛ ғана емес, осы типтегі қорытпалар (ФСА, ФАСК, АХС және т.б.) туралы да толық ақпараттар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері келтірілген [2, б. 62-70].

Ғылыми еңбекте КЛ-ды алу процесінің физикалық-химиялық негіздері қарастырылаған, шикізат материалдарына қойылатын талаптар келтірілген және қорытпаны алу үшін кендерді өңдеу әдістері талданған. Кешенді ферроқорытпаларды алу технологиясы тек АМС ғана емес, сонымен қатар хром, барий, кальций негізіндегі және ФСА КЛ-дарды да сипаттайды. Болат өндірісінде қолдану үшін кешенді ферроқорытпаларды қолдану технологиясы ұсынылады [2, б. 85-111].

АМС КЛ-ды балқыту технологиясын әзірлеудің негізі болат балқыту және машина жасау саласының металлургиялық алыптары пайда болған КСРО-ның шығыс өңірлерін жоғары сапалы марганец бар ферроқорытпалармен қамтамасыз ету үшін Орталық Қазақстанның марганец кен орындарын тарту жөніндегі идея болды. Марганец ферроқорытпаларын өндіруді тұтынушыларға жақындату міндеті тұрды. Кендердің сапасын бағалау және құрамында марганец бар шикізат негізінде марганец ферроқорытпаларын өндіруді ұйымдастыру тек Қазақстанда ғана емес, Сібір мен Оралда да марганец өндірістерін өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес келмеді. Кендегі марганецтің төмен мөлшері, көп сатылы байыту және қайта өңдеу сұлбасы өндірілген ферроқорытпалардан өнімнің өзіндік құны 1,5-2 есе асатын болатындығын анықтады.

Құрамында марганец бар кендерді КЛ-ға қайта өңдеу схемасы барлық қолданыстағы технологиялық қайта өңдеу сұлбаларының перспективтісінің бірі болды. АМС КЛ-ды балқыту үшін құрамында марганец бар Қазақстанның кендерінен басқа, Никополь (Украина) және Чиатур (Грузия) кен орындарының төмен сұрыпты концентраттары да пайдаланылып сыналды. Марганец кендерін өңдеудің маңыздылығы бүкілодақтық ауқымға ие болды. [1, б. 62-64 44, 45, 46, б. 17-20].

АМС КЛ-ды балқыту кен мен көмірдің барлық негізгі тотықтарын кешенді пайдаланумен, қорытпаға негізгі барлық элементтерін бөлініп өтуінің (74,5-90,0% Mn, 75,2-88,0% Si, 69,1-80,4% Al) жоғарғы коэффициентімен және де бөліп алу коэффициентімен сипатталады, дайын өнімге кететін кен шығынының төмендігімен сипатталады [31, 32]. Сонымен қатар, қожсыз балқыту (еселігі 0,1) шикізат материалдарының барлық тотықтарын толық тотықсыздандырып фосфорсыздандыру әдісі де болып саналады, яғни фосфорды балқытудың газ тәрізді өнімдеріне өткізуге себебін тигізеді.

ҚазКСР ҒА-ның XX ғасырдың 60-80 жылдары жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша марганец кені мен жоғары күлді көмірден АМС КЛ-ды қожсыз үрдіспен алу кезінде мынадай артықшылықтарға ие екендігі анықталды:

- қолданыстағы технологиялар бойынша марганец ферроқорытпаларын балқыту жөніндегі шикізаттық материалдарға (ферромарганец, силикомарганец) қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін марганец кендерін АМС КЛ-ды балқыту кезінде қолдануға болады;

- тотықсыздандырғыш ретінде энергетика және өнеркәсіп салаларында пайдаланылмайтын жоғары күлді көмір қолданылады;

- марганец кені мен жоғары күлді көмірді кешенді тотықсыздандыру кезінде барлық тотықтар қорытпа көзі ретінде қызмет етеді, яғни бос кен жынысы мен көмір күлі құрамындағы кремний мен алюминий де КЛ түзілуіне қатысады;

- АМС КЛ-ды балқыту кезіндегі фосфорсыздану процесі силикомарганецті сол кеннен немесе концентраттан балқытуға қарағанда жоғары;

- марганецтің игерілуі стандартты марганец бар ферроқорытпаларды балқыту кезінде 50%-дан АМС КЛ-ды балқыту кезінде 90%-ға дейін артады;

- басты тиімді жағы АМС КЛ-ды қожсыз балқыту үшін шикізат сапасына қойылатын талаптардың төмендеуі. Өйткені марганец кені құрамындағы марганецтен басқа, кремний мен алюминий де кешенді оттексіздендіргіш құрамында бағалы болып саналады;

- әзірленген технология бойынша АМС КЛ-ды алу үшін шикізат материалдарын өңдеу кезінде байыту, агломерациялау, кокстеу, ұнтақтау және т.б. сияқты қоршаған ортаға зиянын тигізетін процестерге сұраныс азаяды.

Технологиялық тұрғыдан ең тиімсіз жағы болып АМС КЛ-дың балқыту кезінде құймақалыптарға құйылғаннан кейін салқындау кезінде үгітілуі, өздігінен шашырауы болып табылады. Қорытпа алдымен жарылып, содан кейін ұнтақ түрінде ыдырайды. Шашыраудың негізгі себептері ретінде қорытпаның қайта кристалдануы кезіндегі көлемді өзгерістер деп саналады [1, б. 64-68; 2, б. 66-67]. Зерттеушілер А.М. Якушев, В.А. Кудрин, Н.В. Толстогузов, Х.Г. Пурцеладзе және т.б. қорытпаның үгітілуіне бейімділік фосфордың (max. 0,048%) және алюминийдің бір мезгілде болуы болып табылады деп есептейді [18, 46, б. 17-20, 47-49]. Сондай-ақ, үгітілуге белгілі бір химиялық құрамы бойынша ферромарганец, ферросилиций, ферросиликоалюминий сияқты

бірқатар ферроқорытпалардың қасиеті бар екенін атап өткен жөн [36, б. 13-17, 50, 51]. Бұл ферроқорытпаларда үгітілудің себебі әртүрлі, мысалы, ферромарганецте – марганец карбидінің тұрақсыздығы немесе алюминийдің болуы, ал ферросилицийде – қорытпаны құрайтын фазалардың көлемді өзгеруі.

Жоғарыда көрсетілген теріс көрсеткіштер зерттеушілердің Ақтөбе және Зестафон ферроқорытпа зауыттарының пештерінде ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгеніне қарамастан АМС КЛ алуды одан әрі терең зерттеуді талап етуде [1, б. 12-17, 2, б. 89-93].

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін болат балқыту өндірісін қайта жарактандыруға байланысты болатты оттектендіру үшін жергілікті шикізатты пайдалану, құрамында кремний, марганец және алюминий бар жаңа КЛ-дың өзектілігі анағұрлым перспективті болды. Осыған байланысты Химия-металлургия институтында ғылыми негіздерді дамыту және құрамында кремний, марганец және алюминий ғана емес, барий және хром бар КЛ-ды балқытуды жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Нәтижесінде құрамында жоғары күлді көмір мен көмірлі жыныстардан алынған Si және Al бар қорытпаның өндірісі өнеркәсіптік ауқымда жеткізілді.

Бұл жоғары күлді көмірді құрамында көміртегі бар материалдар ретінде пайдалану, сондай-ақ көмірдің күлінен Si және Al қорытпаға өткізу мүмкіндігі кешенді қорытпаларды қолдану кезінде жоғары күлді көмірді шикізат материалы ретінде пайдалану мүмкіндігін дәлелдейді.

Құрамында Si, Mn және Al бар қорытпаны балқыту бойынша тың нәтижелер әлемдік WoS пен Scopus базасына кіретін және Республикалық ғылыми басылымдарда, ғылыми зерттеулерде келтіріледі [9, 15, 52-58, 59, б. 107-110].

Fe-Si-Al-Mn КЛ -ды алудың оңтайлы технологиясын анықтау үшін қуаты 0,2 мВА кен термиялық пеште сынақтар сериясы және «АиК» ЖШС-нің ферросиликоалюминий өндіру зауытында балқыту проценіне апробациялау жүргізілді. Нәтижесінде 62% MnO_2 марганец кенін және 52% жоғары күлді көмір жынысы пайдалану кезінде 10-15% Mn, 55-58% Si, 15-20% Al, 15-20% Fe бар қорытпа алынды. Жетекші элементтердің игерілуі: Si – 88%, Mn – 90% Al – 80% құрады [16, б. 267-270].

ХМИ базасында 2000 жылдан бастап Орталық Қазақстанның әртүрлі жоғары күлді көмірі мен жоғары кремнийлі марганец кендерін пайдалана отырып, құрамында Mn, Si және Al бар қорытпаны балқыту бойынша ҒЗЖ қайта жалғасын тапты. Онда алдын ала өңдеусіз марганец ферроқорытпаларының стандартты маркаларын өндіру үшін жарамсыз төмен сұрыпты жоғары кремнеземді марганец кендері алюмосиликомарганец қорытпасын балқытып алудың оң ерекшеліктері анықталып, ҚР патентімен расталды [15, б. 118-142, 57, б. 816-819].

«Жомарт» кен орындарының жоғары кремнийлі марганец кендерін және «Борлы» мен «Сарыадыр» кен орындарының жоғары күлді көмірлерін пайдаланған кезде 10-15% Mn, 55-58% Si, 15-20% Al құрайтын алюмосиликомарганец КЛ алынды. Алюмосиликомарганец қорытпасын өндіру кезінде негізгі элементтердің шикізат материалдарынан қорытпаға өтуі Si –

87%, Mn – 92% және Al – 85% құрап, жоғары көрсеткіштерге жеткендігін атап өту керек [15, б. 118-142, 57, б. 816-819, 58].

Қазақстаннан басқа посткеңестік республикаларда тау-кен металлургия өнеркәсібінің техногенді және екіншілік қайталама ресурстарынан (құрамында марганец бар шаң, қож, қождардың дымқыл сепарациялау шламдары, электролиттік марганецтің қостотығын өндіру шламдары, болат прокат цехтарының күйінділері, екіншілік алюминий өндірісінің құрамында алюминий бар қожы, «Ткибул» кен орнының жоғары күлді көмірін байыту қалдықтары және т.б.) тұратын кешенді кремний, марганец және алюминий қорытпаларын әзірлеумен және зерттеумен Фердинанда Тавадзе атындағы Металлургия және материалтану институты айналысады (Грузия) [58].

Эксперименттік балқымалардың нәтижелері Грузияның тау-кен металлургия өнеркәсібінің жоғарыда аталған техногендік және құрамында металл бар екіншілік қайталама ресурстарын электрокарботермиялық қайта өңдеу арқылы КЛ-ды балқыту технологиясының талаптарын қанағаттандыратынын көрсетеді. КЛ-дың алынған сынамалары: 26-32% Si; 17-25% Al; 28-50% Mn, 6-14% Fe; 0,6-1,3% C және 0,02-0,09% P құрайды.

Грузияның техногенді және екіншілік қайталама тау-кен металлургиялық ресурстарынан алюмосиликомарганец балқытуын зерттеу және талдау тау-кен металлургия өнеркәсібінің қалдықтары алюмосиликомарганец қорытпасын балқыту үшін пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетті. Сондай-ақ құрамында кремний, марганец және алюминий бар КЛ-ды қолданудың тағы бір бағыты тазартылған ферромарганецті балқыту кезінде тотықсыздандырғыш ретінде пайдалану болып табылады, мұнда КЛ дәстүрлі түрде қолданылатын силикомарганецті ферроқорытпасын шикізат материалдары құрамынан ауыстыра алады. Техникалық-экономикалық көрсеткіштері жоғары бағаланған [46, б. 17-20, 59, б. 107-110, 60].

Мақсатты патенттік іздеу МемСТ 15.011-2005 сай қорытпаны алу әдісі мен пайдаланылған шихта материалдары бойынша, сондай-ақ КЛ бойынша практикалық деректерді анықтау үшін жүргізілді. Іздеу алдын ала жұмыс көлемін бағалау және зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-техникалық ақпарат алу үшін жүргізілді. Зерделеу Қазақстан, РФ (КСРО) патенттерінің базаларының интернет ресурстарын пайдаланылып, жүргізілді, нәтижесі А қосымшада келтірілген. Іздеу тереңдігі 40 жылды құрады.


Диссертациялық жұмыста теориялық негіздерді әзірлеу және КЛ-ды балқыту технологиясын дамыту ұсынылады, ол дәстүрлі қорытпаларға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие оттексіздендіргіштердің дәстүрлі түрлерінің бірін толығымен немесе ішінара алмастыра алады, әсіресе бұл металды металл емес қоспалардан тазарту және оттексіздендіру процесінің кинетикасында айқын көрінеді.

Диссертациялық жұмыста болатты оттексіздендіру кезінде металл емес қоспалардан тазарту процесінің кинетикасында айқын басымдыққа ие дәстүрлі оттексіздендіргіштердің (FeMn, FeSi, SiMn) бірін толығымен немесе ішінара алмастыра алатын Fe-Si-Mn-Al КЛ теориялық негіздерді әзірлеу және КЛ-ды балқыту технологиясын дамыту ұсынылады [61].

1.2 Қазақстан Республикасының көмір бассейндері мен кен орындары туралы жалпы мәлімет

Кез-келген елдің экономикасын дамытудың негізі отын мен энергияны қажет ететін өнеркәсіп болып табылады. Сондықтан көмір өнеркәсібі экономиканың барлық секторларын, әсіресе электр энергиясын дамытудың негізі болып табылады, өйткені көмірді пайдалану арқылы елдің электр энергиясының 74% өндіріледі. Бұл Қазақстанның ішкі нарығында тұтынылатын көмірдің 51%-ы (70%-дан астам). Өнеркәсіп ішкі нарықта тұтынылатын көмірдің тек ~5% тұтынады, ал қалған ~14 коммуналдық қажеттіліктер үшін қолданылады. Өндірілген көмірдің шамамен 30%, яғни 34,02 млн тонна келесі елдерге: Ресей, Швейцария, Беларусь, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан, Ұлыбритания, Түркияға экспортталады [62-64].

Бүгінгі таңда Қазақстан көмір қоры бойынша әлемнің он елінің қатарына кіреді. Дәлелденген көмір қоры 33,6 млрд тонна, бұл жалпы әлемдік көлемнің ~4%-ын құрайды. Дәлелденген қорлардың жалпы көлемінде қоңыр көмір көлемінің үлес салмағы 62%-ды, ал қалған 38%-ын тас көмір құрайды. Көмір өндіру көлемі бойынша Қазақстан жыл сайын әлемдегі көшбасшылардың ондығына кіреді. World's Top Export халықаралық агенттігінің деректері бойынша Қазақстан көмір экспорттаушылардың Топ-15 ішінде 13 орынға ие.




Сурет 1.2 – Қазақстан Республикасының көмір кен орындарының картасы

Қазақстанда 300-ден астам көмір бассейндері (1.2-сурет), кен орындары мен көмір көріністері анықталды. Көмір қорының 90%-ға жуығы республиканың солтүстігінде және орталық бөлігінде, негізінен Қарағанды

және Екібастұз көмір бассейндерінде шоғырланған. Тас көмір Қарағанды, Екібастұз, теңіз-Қоржынкөл бассейндерінде және Қаражыра, Күйікек, Борлы және т.б. кен орындарында, Торғай, Төменгі Іле, Майкөбен бассейндеріндегі және басқа да кен орындарында өндіріледі. Кокстелетін көмірді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаменті Қарағанды бассейнінде өндіреді және оның көп бөлігін (95%) комбинаттың өзі тұтынады [65].

Тәуелсіздік жылдарында (1991-2021 жж.) көмір өндіру көлемінің өсуі мен құлдырауы байқалады (1.3-сурет). Елдің көмір өнеркәсібіне жүргізілген талдау көрсеткендей, көмірді ішкі нарыққа бөлу, яғни өндірістік-технологиялық және коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін 2001 жылдан бастап тұрақты өсіп келеді деп санауға болады. Бірақ та, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін көмірді тұтыну жыл сайын Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015 - 2030 жылдарға арналған бас схемасына сай төмендейтінін атап өту қажет [63-64].



Сурет 1.3 – Қазақстан Республикасында көмір өндіру динамикасы, ішкі және сыртқы нарыққа шығару

Қазақстанда 49 жер қойнауын пайдаланушы жұмыс істейді, оның 18-ы өндірімен айналысады, 10-ы барлау жұмыстарын, қалғаны делдалдық жұмыстарды жүргізеді (1.2-кесте). Кокстелетін көмірдің және аса құнды маркалардың қорлары Қарағанды көмір бассейні шегінде шоғырланған. Екібастұз көмір бассейнінің шегінде республиканың энергетикалық көмір қорларының негізгі бөлігі орналасқан. Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында жергілікті маңызы бар көмірдің едәуір қоры бар [63, 66, б. 7-9].

Қарағанды көмір бассейні 4 көмір бассейнінен: Қарағанды, Шерубайнұра, Тентек пен Верхнесокурский, сондай-ақ 7 көмір: Борлы, Шұбаркөл, Қушоқы, Жалын, Завьяловский, Қияқты мен Самар кен орнынан тұрады.

Кесте 1.2 – ҚР пайдаланылатын көмір кен орындарының қысқаша сипаттамасы

№	Кен орнының атауы	Түрі	Күлділігі А, %	Қоры, мың. т			Жер қойнауын пайдаланушы
				А+В+С ₁	С ₂	баланстантыс	
1	Алакөл	Өтпелі (қоңырдан тасқа дейін)	7 – 15,8	30 463,1	2 440,0	2 101,7	«Фирма Мадина» ЖШС
2	Борлы	Тас көмір	31 – 44	342 708,0			«Корпорация Қазақмыс» ЖШС
3	Верхнесокурское	Қоңыр көмір	8,1 – 22,6	563 774,2		1 232,0	«SAT Coal» ЖШС «Разрез Кузнецкий» ЖШС «ГРК «Қараотын» ЖШС
4	Жалын	Тас көмір	14,5 – 27,3	49 081,0			«Сарыарка-Energy» ЖШС
5	Жамантүз	Қоңыр көмір	45,1 – 60		6 578,9		«Директ» ЖШС
6	Қаражыра	Тас көмір	15,7	859 498,4	40 422,0	28 083,0	«Қаражыра ЛТД» ЖШС
7	Кендірлік	Тас көмір және қоңыр көмір		16 293,1	10 756,9	3 130,2	ЗДП «Кварц», ТОО «Сайкан»
8	Қияқты	Қоңыр көмір	27,6	31 270,0			«НК «СПК «Сарыарка»АҚ
9	Қушоқы	Тас көмір	34 – 45	18 786,0			«Корпорация Қазақмыс» ЖШС
10	Мамыт	Қоңыр көмір	13 – 32	607 469,42	723 284,0	105 524,5	«Қызыл Каин Мамыт ЖШС «НК «СПК «Ақтобе» АҚ
11	Ойқарағай	Қоңыр көмір		37 919,7	25 369,0		«ТЭК «Беркут» ЖШС
12	Орловское	Қоңыр көмір	16	1 097 379,0	59 079,0		«Тобол-Тағам» ЖШС
13	Приозерное	Қоңыр көмір	18	363 045,1		56 250,0	«Казахстанско-Российская компания «Разрез Приозерный» ЖШС
14	Сарыадыр	Тас көмір	30 – 40	164 727,0	94 799,0		«Гамма» ЖШС
15	Сарыкөл	Қоңыр көмір	> 45	383 850,0	22 542,0	440 310,0	«Гамма» ЖШС
16	Талдыкөл	Қоңыр көмір	31,3 – 38	32 916,0		6 394,0	«Гамма» ЖШС
17	Шөптікөл	Қоңыр көмір	14,5 – 23,0	1 260 827,0		791 056,0	«Майкубен-Вест» ЖШС
18	Шұбаркөл	Тас көмір	4 – 20	1 488 367,0	476 259,0	28 967,0	«Шұбаркөл көмір» АҚ

Шығыс Қазақстан облысының шегінде мемлекет балансында 6 кен орны: Маңырақ (Көксу көмір), Қаражыра, Қадыр, Қадыр (тас көмір) Алакөл, Жамантұз (қоңыр көмір) және Кендірлік (жанғыш тақтатаc). Ақмола облысында Теңіз-Қоржынкөл алабындағы қоңыр көмір кен орны. Жамбыл облысында Кұлан таскөмір кен орны, Түркістан облысында Таскөмірсай кен орны бар. Алматы облысында Ойқарағай қоңыр көмір кен орны, Ақтөбе облысында Мамыт кен орны орналасқан.

Тек коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін немесе баланстан тыс пайдаланылатын жоғары күлді көмірді металлургиялық өңдеуге тарту құрамында Si және Al бар қорытпалар мен лигатуралар алуды ұйымдастыру жөніндегі перспективті бағыттардың бірі болып табылады. КЛ балқыту үшін техникалық және химиялық құрамы бойынша Сарыадыр кен орнының (Теңіз-Қоржынкөл бассейні), Борлы (Қарағанды бассейні) және Жамантұз кен орнының көмірі техникалық және химиялық құрамы бойынша келеді.

Сарыадыр кен орындары. Сарыадыр кен орны Теңіз-Қоржынкөл бассейніне жатады. Бассейн күрделенген қайталама қатпарлы үлкен брахисинклинальды құрылым түрінде (1.4-сурет). Бассейн аумағында Сарыадыр кен орнынан басқа: Қосмұрын, Қызылсор, Бозшасор және Центральное кен орындары да бар [66, б. 57-58].

Сарыадыр кен орнының көмірлілігі жалпы 7 көмір қабатынан тұратын Ашляр және Қарағанды қойнауқаттары шөгінділерімен байланысты, олардың үшеуі жұмыс істейтіні (1.3-кесте).

Кесте 1.3 – Сарыадыр кен орнының көмірлілігі [66, б. 57-58].

№	Қойнауқат атауы	Қойнауқат саны		Қойнауқат қуаттылығы, м	
		Барлығы	Соның ішінде жұмыс істейтіні	Барлығы	Соның ішінде жұмыс істейтіні
1	Нижний	1	-	1,8	-
2	Надежный	1	1	12,5	12,5
3	Спутник	1	1	1,4	1,4
4	Пятиметровый	1	1	4,4	4,4
5	Тонкие	3	-	1,1	-
Барлығы		7	2	21,1	18,3

«Надежный» және «Спутник-II» қойнауқаттарының өте күрделі құрылымымен және салыстырмалы тұрақсыздығымен сипатталады. «Пятиметровый» қойнауқаттарының тұрақты және қарапайым құрылымымен ерекшеленеді.

Бекітілген баланстық қорлар А+В+С₁ санаты бойынша – 164 727,0 мың тоннаны, С₂ санаты бойынша – 94 799,0 мың тоннаны құрайды.

Борлы кен орны. Борлы кен орындары турней ярусның түзілімдерінде жатыр және келесі қабаттарға бөлінеді: Ашляриская, Қарағанды және Надкарагандинская. Төменгі карбонның Визе-Серпухов сатысының көмірлі кен

орындары бүйірлік бұрыштары 5-10° болатын жазық ендік (8-ден 2,5 км-ге дейін) штрихты құрайды (1.5-сурет). Төменгі көмір горизонтындағы топырақтың максималды шөгугі 220 м [66, б. 46-49].




1 – владимир және керей свиталары, 2 – қарағанды свитасы, 3 – ашлярик және аққұдық свиталары, 4 – довизей шөгіндісі, 5 – перм және триасовті интрузиялар, 6 – қарағанды свитасының көмір горизонты және көмір қойнауқаты, 7 – тектоникалық бұзылу, 8 – кен орындар (I – Бозшасар, II – Қосмұрын, III – Қызылсор, IV – Сарыадыр, V – Центральное)

Сурет 1.4 – Сарыадыр кен орнының геологиялық сұлбалық картасы

Өнеркәсіптік көмірлілігі Қарағанды қойнауқаты тілігінің төменгі бөлігімен байланысты, онда көмірдің 11 қабатын қамтитын үш жақын көмір горизонты орналасқан, оның 5-еуі жұмыс істейтіні. Жұмыс қабаттарының жалпы қуаты орта есеппен 37,4 м құрайды (1.4-кесте).

Кесте 1.4 – Борлы кен орнының көмірлілігі [66, б. 46-49]

№	Қойнауқат атауы	Қойнауқат саны		Қойнауқат қуаттылығы, м	
		Барлығы	Соның ішінде жұмыс істейтіні	Барлығы	Соның ішінде жұмыс істейтіні
1	Верхний В ₁ -В ₆	6	1	20	2
2	Средний С ₁ -С ₃	3	3	14,2	14,2
3	Нижний Н ₁ -Н ₂	2	1	22,6	21,2
Барлығы		11	5	56,8	37,4




1 – қарағанды свитасы 2 – ашлярик свитасы 3 – аққұдық свитасы 4 – көмір, көмір горизонты,
5 - тектоникалық бұзылу 6 – свиталардың шекарасы

Сурет 1.5 – Борлы кен орнының геологиялық сұлбалық картасы

Кен орнының көмірлері заттық құрамы бойынша гумисинді болып табылады. Көмір массасының күлділігі 31-44%, қатардағы көмір 39-47% құрайды. Күл отқа төзімді және жоғары абразивті қасиеттерге ие. Күкірттің мөлшері 0,4-1,1%, ал фосфордың мөлшері 0,01-0,02%. Жұмыс отынының жануының төменгі жылуы 3580-4780 ккал/кг. Барлық қабаттардың көмірі «К» маркасына жатады, бірақ күлдің жоғарылығына және өте қиын байытылуына байланысты кокстеуге жарамсыз. Нәтижесінде олар тек энергетикалық отын ретінде қолданылады.

Кен орнының қорын сандық бағалау кезінде ең төменгі қалыңдығы 1,0 және күлділігі 55% құрайтын түзілімдер баланстық болып жіктеледі. А+В+С₁ санаты бойынша бекітілген баланстық қорлар – 342 708,0 мың тоннаны құрайды.

Жамантұз кен орны. Жамантұз кен орны Аямалайсор, Батыршасор, Айбике сияқты кен орындарымен бірге Жамантұз тобындағы бірқатар көмір көріністеріне кіреді [66, б. 71-72]. Кен орны ежелгі карбон түзілімдері арасында қысылған тектоникалық блоктар сериясы болып табылады. Көміртекті Қарағанды қойнауқатының түбімен қалыңдығы 20-30 м (көмір 8-10 м) көмір горизонты шектелген. Ең өнімділігі жоғары қабат (10 м дейін) көкжиектің төменгі бөлігінде орналасқан (1.6-сурет).



- 1 2 3 4 5 6 7 8
- 1 – палеоген шөгінділері 2 – қарағанды свитасы 3 – ашлярик және аққұдық свиталары, 4 – довизей шөгіндісі, 5 – көмір қойнауқабаты 6 – тектоникалық бұзылу, 8 – кен орны

Сурет 1.6 – Жамантүз кен орнының геологиялық сұлбалық картасы

Жоғары күлді көмір 40,1-45%. Көмірлі аргиллитке күлі 45,1-60% тау жыныстары жатады. Күлдің химиялық құрамы алюмосиликатты. Қабат бойынша байытылған көмірдің ұшпа заттарының шығымы 7,0-10,8%-ға тең. Көмір бірікпейді. С₂ санаты бойынша бекітілген баланстық қорлар 6578,9 мың тоннаны құрайды.


Бекітілген баланстық қорлар С₂ санаты бойынша – 6 578,9 мың тоннаны құрайды.

1.3 Қазақстан Республикасының марганец кен орындары туралы жалпы мәлімет

Қазақстан стратегиялық маңызы бар, онда елдің экономикалық қауіпсіздігінің негізін құрайтын пайдалы қазбалар тобына жатқызылған марганец шикізатының мол қоры бар және марганец кендерінің жалпы қорлары бойынша Қазақстан әлемде үшінші орын алады (Украина мен ОАР-дан кейін). Қазақстанда марганецтің 300-ден астам кен орны мен кен көріністері тіркелген (сурет. 1.7) [67]. Республика балансында марганец кендерінің 38 кен орны қолданысқа жарамды, олардың 16-ы пайдаланылады (1.5-кесте), ал қалған 22 кен орны барланған және резервте тұр. Қорлардың шамамен 60%-да марганец 10-20%, 30%-да марганец 20-30%, 11%-да 30%-дан асады. Кендердің барлық түрлеріне фосфордың (0,02-0,08%) және күкірттің (0,1-0,3%) төмен құрамы тән [13, б. 9-11, 68, б. 62-65].

Марганец кендері анықталған қорлары бойынша Қазақстан әлемде үшінші орын алады, ал өндіру бойынша – сегізінші, әлемдік марганец қорының 8%-ы Қазақстанның үлесінде. Марганец өнімдеріне сұраныс артып келеді. Қазақстандық қорлар тотықты темір-марганец және карбонатты-тотықты

марганец кендерінен тұрады. Өнеркәсіптік санаттар бойынша марганец кендерінің расталған қорларының үлесі шамамен 700 млн тоннаны құрайды, оның ішінде 200 млн тоннаға жуығы ашық игеруге жарамды, 500 млн тонна жер асты үшін. Марганецтің орташа мөлшері – 19,4%, әлемнің көптеген елдерінің кендеріне (30-50% Mn) қарағанда төмен [68, б. 62-65].



Сурет 1.7 – Қазақстан Республикасының марганец кен орындарының картасы

Республиканың марганец кендері олардың құрамында фосфор мен күкірттің аз болуымен және зиянды қоспаларының мышьяк пен сурьманың іс жүзінде болмауымен, минералогиялық құрамы бойынша едәуір бөлігі тотықты минералды құрамды болып ерекшеленеді, бұл оларды посткеңестік аймақтағы негізгі марганец өндірушілер Украина мен Грузия елдерінің кендеріне қарағанда сапалығымен (зиянды қоспалардың аз болуы) ерекшелендіреді. Ең басты кемшілігі - темір мөлшерінің жоғары (2-ден 30%-ға дейін), ал жекелеген кен орындарында қорғасын мен мырыштың (0,01÷0,4%-ға дейін) болуы.

Әртүрлі кен орындарындағы марганец кендерінің металлургиялық сипаттамалары туралы ақпарат сөзсіз қызығушылық тудырады. Құрамында марганец бар кендер химиялық құрамы мен минералдардың метатұрақтылығымен ерекшеленетіні белгілі, бұл олардың тотықсыздану қабілетіне әрдайым әсер етеді [68, б. 62-65, 69, б. 521-524]. Диссертациялық жұмыста құрамында Fe-Si-Mn-Al КЛ алу үшін «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» ЖШС ұсынған «Богач» және «Есімжал» кен орындарының марганец кендеріне химиялық және рентгенофазалық талдау жүргізілді, сондай-ақ КЛ балқыту үшін технологиялық және өндірістік көрсеткіштерді анықтайтын кеннің жұмсару температурасын анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Кесте 1.5 – ҚР пайдаланылатын марганецті кен орындарының қысқаша сипаттамасы

№	Кен орнының атауы	Құрамында марганец бар минералдар *	Mn _{общ}	Fe _{общ}	SiO ₂	Қоры, мың. т			Жер қойнауын пайдаланушы
						A+B+C ₁	C ₂	баланстантыс	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Боғач	1, 4, 7, 8, 13, 14	26,60 – 31,80	1,90 – 8,90	12,02 – 19,80		2 193,4	1 007,2	«Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» ЖШС
2	Большой Ктай	1, 4, 7, 8	9,78 – 23,31	12,38 – 31,58	17,87 – 22,34	6 600,0			«Сарыарка-IRON» ЖШС
3	Большой Ктай ТМО	1, 8	1,42 – 9,50	20,11 – 37,47	20,15 – 45,94	6 600,0			«Сарыарка-IRON» ЖШС
4	Восточный Камыс	1, 5, 7, 8, 11	10,0 – 45,0	1,0 – 20,0		0,013	0,007	11 012,45	«ТНК «Казхром»АҚ
5	Есімжал	1, 7, 9	36,0 – 42,13	4,30 – 7,80	6,95 – 9,95	699,84	421,1	305,5	«Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» ЖШС
6	Западный Қаражал	1, 5, 11	20,37	9,45	21,52	285 655,0	63 664,0	100 625,0	«Өркен» ЖШС
7	Западный Камыс	1, 7	17,81 – 26,23	1,88 – 5,16	38,59 – 41,3	1 488,6	1 771,5	9 851,2	«Арман-100» ЖШС
8	Жезді қалдық қоймасы	1, 6, 7, 8, 10, 11, 13, 14	8,83 – 9,08	2,78 – 3,12		1 804,7	673,9		«Корпорация Фосстис» ЖШС
9	Жомарт	1, 5, 10, 11, 12	21,0 – 26,0	5,47 – 9,11	13,95 – 26,32	2 567,7	6 165,1	5 743,4	«Жайремский ГОК»АҚ
10	Қарамола	1, 2, 5, 6, 8, 10, 12	26,0	0,90 – 1,71	53,2	233,4	215,0		«Тентек»ЖШС
11	Қаратас	1, 4, 7, 8	16,10 – 30,90	6,0 – 15,0	12,0 – 26,80			33,7	«Достау-Литос» ЖШС
12	Полуденное	1, 3, 7, 8	11-72 – 34,32	5,98 – 26,16	15,63 – 49,90	62,8			«Арман» ЖШС

Кесте 1.5 жалғасы

13	Тур	4, 7, 8	10,0 – 40,0			2 184,5	1 425,6	2 584,3	«ТНК «Казхром»АҚ
14	Үшқатын III	1, 4, 5, 6, 7, 8, 14	2,32 – 44,26	1,74 – 42,79	11,76 – 23,92	70 805,5	115 224 ,7	23 079,1	«Жайремский ГОК»АҚ
15	Үшқатын I	5, 8, 14	8,20 – 18,80	28,60 – 40,70		18 746,3	446,4	656,4	АҚ «Жайремский ГОК»
16	Шойынтас	3, 4, 6, 8	29,07 – 39,0	~ 7,19	< 13,54		95,06		Металлтерминалсервис» ЖШС

*минерал атауы:

1 – Браунит ($Mn_2O_3 \cdot MnSiO_3$);

2 – Бустамит ($(Mn, Ca)_3[Si_3O_9]$);

3 – Вад ($MnO_2 \cdot nH_2O$);

4 – Вернадит ($(MnO_2)(Mn, Fe, Ca)(O, OH)_2 \cdot nH_2O$);

5 – Гаусманит ($Mn^{2+}Mn^{23+}O_4$);

6 – Манганит (MnO);

7 – Пирролюзит (MnO_2);

8 – Псиломелан ($mMnO \cdot MnO_2 \cdot nH_2O$);

9 – Рамсделит (MnO_2);

10 – Родонит ($(Mn^{2+}, Fe^{2+}, Mg, Ca) \cdot SiO_3$);

11 – Родохрозит ($MnCO_3$);

12 – Тефроит (Mn_2SiO_4);

13 – Фриделит ($Mn_{82}Si_{16}O_{15}(OH)_{10}$);

14 – Якобит ($Mn^{2+}Fe^{3+}2O_4$);

Боғач кен орны. «Боғач» кен орны Қарағанды облысында орналасқан. Кенді минералдар браунит (негізгі), гематит, сирек анкерит, фриделит, якобсит; кенді емес минералдар – кальцит, кварц, хлорит, гипстен тұрады. Тотыққан марганец кендерінің кен минералдары – пиролюзит, псиломелан, вернадит, гематит, сирек голландит, гетит, браунит, якобсит; кенді емес минералдар – кварц, каолинит, слюда, кальцит және дала шпаттары. Бекітілген баланстық қорлар А+В+С₁ санаты бойынша – 2 193,5 мың тоннаны, С₂ санаты бойынша – 1007,323 мың тоннаны құрайды [13, б. 56-58, 69, б. 521-524].

Кен орны Сарысу-Теңіз шоғырында Айдагарлин синклиналына орналасқан Кен құраушылар - қызыл түсті әктастардан құралған фаменнің жоғарғы горизонты, кей жерлерде қатты кремнийлі. Кендер горизонттың ортаңғы бөлігін құрайды.

Марганец кендеріндегі элементтердің орташа құрамы, %: 26,6 Mn; 1,9 Fe; 12,02 SiO₂; 0,063 TiO₂; 1,34 Al₂O₃; 28,32 CaO; 0,71 MgO; 0,019 P; 0,13 S; 0,031 Zn; 0,011 Cu; 0,63 Ba, ал тотыққан кендерде 31,8 Mn; 8,9 Fe; 19,8 SiO₂; 0,19 TiO₂; 5,6 Al₂O₃; 1,3 CaO; 0,5 MgO; 0,047 P; 0,057 S; 0,15 Pb; 0,077 Zn; 0,021 Cu және 1,52 Ba құрайды.

Есімжал кен орны. Кен орны Шығыс Қазақстан облысында бұрынғы ядролық полигон аумағында орналасқан. Есімжал кен орны 1944-1946 жылдар аралығындағы Мұржық марганец кен орнының жеке учаскесі ретінде барланды. Тәуелсіздік жылдары геологиялық барлау жұмыстары 1995-2002 жылдар аралығында жүргізілді. Кен түрі бойынша кен орны стратиформды және ашық тәсілмен игеріледі. Кен орынның кендері тотыққан. Бекітілген баланстық қорлар А+В+С₁ санаты бойынша – 699,84 мың тоннаны, С₂ санаты бойынша – 421,1 мың тоннаны, ал баланстан тыс. С₂-305,5 мың т. тоннаны құрайды [13, б. 138-140, 69, б. 521-524].

Марганец кендерінің қойнауқаты кен орындарының әктас горизонтында орналасқан, бұл өз кезегінде қызыл түсті құмтас, аргиллит, алевролит және фаменский деңгейіндегі түйіндерден тұрады. Жер бетіндегі кен орны бірнеше ондаған метрден бірнеше жүз метрге дейінгі аралықта кен емес материалдармен бөлінеді. Кен орны үш Дәулетпай, Оңтүстік Қостерек және Ұзынбұлақ учаскелеріне бөлінген.

Марганец кендеріндегі элементтердің орташа құрамы, %: 36,0-42,13 Mn; 4,30-7,80 Fe; 7,23-9,95 SiO₂; 0,82 Al₂O₃; 17,2 CaO; 0,71 MgO; 0,017 P, 0,014 S.

1 тарау бойынша қорытынды және зерттеу міндеттерін белгілеу

Әдеби шолудан теориялық негіздерді дамыту және жетекші элементтердің арзан көздері болып табылатын жоғары күлді көмір мен марганец кендерін қолдана отырып, құрамында Fe-Si-Mn-Al КЛ өндіру технологиясын жетілдіру ресурстарды ең ұтымды және үнемдейтін технология болып табылады.

Қазақстандағы көмір кен орындары географиялық орналасуы, физикалық қасиеттері, химиялық құрамы және қорлары бойынша кремний алюминий

қорытпаларын өнеркәсіптік өндіру үшін кен базасы бола алады. Көмір термиялық процестің техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне шихтаның құрамы мен дайындығы үлкен әсер етеді. Салыстырмалы түрде арзан шихта материалдарын қолдану және кремний, марганец пен алюминийді қорытпаға өткізудің жоғары дәрежесі Fe-Si-Mn-Al КЛ өзіндік құнын едәуір төмендетуге мүмкіндік берді.

Ғалымдар бұрын жүргізген тәжірибелік-өнеркәсіптік деректер құрамында Fe-Si-Mn-Al бар КЛ-ды алудың қағидатты мүмкіндігін көрсетеді, алайда жұмыстың технологиялық режимдері соңына дейін зерттелмеген және жалпы өндіріс технологиясы пысықталмаған.

Осы диссертациялық жұмыс теориялық негіздерді дамыту және жоғары күлді көмірлер мен тікелей ферроқорытпа өндірісіне қолдануға жарамсыз құрамында марганец бар кендерді қолдана отырып, КЛ өндіру технологиясын жетілдіру мәселелеріне арналған, оның шешімі келесідей ғылыми және ғылыми-техникалық міндеттерді орындауды қамтиды:

- Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің фазалық-құрылымдық құрылымын зерттеу мақсатында термодинамикалық-диаграммалық талдау жүргізу;

- КЛ балқыту кезінде жаңа деректерді болжау және алу мақсатында әмбебап модульдері бар термохимиялық бағдарламалық кешенді қолдана отырып, термодинамикалық модельдеу жүргізу;

- құрамында марганец бар әртүрлі кен орындары кендері мен жоғары күлді көмір кендерінің физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттерін анықтау;

- құрамында марганец бар әртүрлі кен орындары кендерінің жұмсаруының бастапқы, соңғы және температуралық аралықтарын анықтау;

- жоғары күлді көмір кендерінің көмірлерінің меншікті электр кедергісін анықтау;

- марганец кендерін және жоғары күлдің көмірді пайдалана отырып, қорытпа үлгілерін ала отырып, зертханалық сынақтар жүргізу;

- марганец кендері мен жоғары күлді көмірден КЛ алу технологиясын жасақтау және пысықтау;

- Fe-Si-Mn-Al негізінде жаңа КЛ-дың физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттерін зерттеу.

2 Fe-Si-Mn-Al МЕТАЛДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ФАЗАЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ ДИАГРАММАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ЛИГАТУРАНЫ АЛУ ПРОЦЕСІН МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің термодинамикалық диаграммалық талдауы

2.1.1 Құрамында Fe-Si-Mn-Al қорытпасының кристалдануын зерттеудің теориялық негіздемесі

Құрамында темір, кремний, марганец және алюминий бар кешенді қорытпалар шағын өндірісте әртүрлі елдерде балқытылады. Балқытудың негізгі әдісі индукциялық пештерде ферросилиций, силикомарганец және алюминийді балқыту болып табылады. Балқыту әдісімен балқыту кезінде жоғары қаржылық шығындарға қарамастан, Fe-Si-Mn-Al қорытпасы болатты өңдеу кезінде оның жоғары тиімділігіне байланысты жоғары сұранысқа ие.

Қорытпаның тиімділігі оның бір мезгілде болатты оттексіздендіру мен қатар легірлеу кезінде болат балқымасының қасиеттеріне жан-жақты әсер етуінде. 2.1-кестеде әртүрлі әдеби көздердегі ғылыми-зерттеу мәліметтерінен алынған қорытпаның түрлі құрамы берілген. Кестеде келтірілген мәліметтерден барлық эксперименттік жолмен алынған кешенді қорытпаларда Mn:Si қатынасы 1-ден 7-ге дейін өзгертіндігін атап өтуге болады.

Құрамында Fe-Si-Mn-Al бар кешенді қорытпасы химиялық құрамына бірыңғай талаптар әзірленбеген. Бұл қорытпаның әртүрлі шикізатты қолдана отырып, тек зерттеу сынақтарында балқығандығына байланысты.

Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпа тәжірибелік сынақтар кезінде өзін жағымды жағынан көрсетті, онда болатты оттексіздендіру өнімдеріне кешенді әсер ету мен тазартудың артықшылықтары ерекше айқын көрінетіндігін айта кету керек.

Бұл кешенді қорытпаға болат балқыту кәсіпорындары тарапынан сұраныс жақсы болады. Бұл келесі артықшылықтарға байланысты:

– болатты оттектен және металл емес қосындылардан терең тазарту есебінен болат өнімінің сапасын арттыру қамтамасыз етіледі;

– құрамында Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпасы құрамының кешенділігі жеңіл балқытын және болат көлемінен неғұрлым толық жойылатын металл емес қосындылардың қалыптасуына ықпал етеді;

– қорытпаның физикалық-химиялық қасиеттері тығыздығы мен балқу температурасына байланысты алюминийдің пайдалы қолданылуы артады.

Алюминийді кремниймен мен марганецпен бірге темірмен қолдану техникалық таза алюминийдің шығынын азайтуға көмектеседі, оның дәстүрлі болатты оттексіздендіру технологиясында пайдалы қолданылуы 30%-дан аспайды.

Бұл қорытпаның тиімділігіне қарамастан, оны жаппай өнеркәсіптік өндіру әлі ұйымдастырылмаған. Атап айтқанда, марганец кендері мен жоғары

күлді көмірді пайдалана отырып, карботермиялық балқытуға негізделген өндірістер туралы деректер жоқ.

Мұның басты себебі – балқытудың тиімді және оңтайлы әдістерінің болмауы, сондай-ақ құрамында Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпасының химиялық құрамын нақты шектейтін техникалық шарттардың болмауы.

Кесте 2.1 – Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпаларының химиялық құрамы, %

№	Химиялық құрамы, %					
	Fe	Si	Mn	Al	Mn:Si	Mn:Al
1	Қалғ.	10-20	10-20	10	1	1-2
2	Қалғ.	8-12	42,58	21-38	3.5-5.3	1.1-2
3	Қалғ.	11-13	75,78	4,5-5,5	5.8-6.8	13.7-16.8
4	Қалғ.	20-40	20-40	2-10	1	4-10
5	Қалғ.	40	40,7	5,7	1	7.1
6	Қалғ.	27-31,2	22,9-31,1	3,9-7,7	0.9-0.8	4-5.8
7	Қалғ.	18-22	18-22	18-22	1	1
8	Қалғ.	10-12	65-72	4-6	6	12-16
9	Қалғ.	44,75-48,14	21,09-29,17	9,51-14,52	0.6-0.4	2-2.2
10	Қалғ.	24,6-37,5	17-25,7	0,95-13,9	0.6-0.6	1.8-17.8
11	Қалғ.	30,1	20,7	7,6	0	2.7
12	15-20	55-58	10-15	15-20	0.2-0.1	0.6-0.75
13	20,6	33,1	26,4	14,5	0	1.8
14	5,9-14,3	26,5-32,3	28,4-50,2	17,4-25,5	1.5-1.0	1.6-1.9
15	10-50	13-30	30-60	7-15	2	4-4.2

Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпасының ұсынылған құрамы мен химиялық қасиеттері бойынша әдеби деректерді талдау кешенді қорытпаларға келесі талаптар қойылатындығын көрсетеді [70-72]:

1) Болатты өңдеу үшін қолданылатын кешенді қорытпалардың балқу температурасы – (кристалданудың басталу температурасы) 1673К аспауы тиіс;

2) Жетекші элементтердің толық сіңуіне және кешенді қорытпаның еру жылдамдығына әсер ететін қорытпаның тығыздығы 4000 – 7000 кг/м³ аралығында болуы керек (тығыздықтың аралығының үлкен болуы қорытпаның фракциялық ірілігіне байланысты);

3) Оттексіздендіруге арналған кешенді қорытпаларда оттегіне химиялық тартқыштығы бар Mn, Si және Al элементтері болуы тиіс және металл емес қосындыларды барынша жоюды қамтамасыз етуі тиіс;

4) Кешенді қорытпалармен оттектендіру кезінде болат минималды түрде салқындауы керек, бұл кешенді қорытпа құрамындағы темірдің мөлшеріне байланысты;

5) Кешенді қорытпа механикалық берік, кеуектілігі төмен, шашырамайтын (үгітілмейтін) болуы тиіс.

Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпаға арналған көптеген зерттеулер бұл қорытпаның бір жағымсыз қасиетін көрсетеді – бұл салқындату және сақтау кезінде шашырауға бейімділігі.

Қорытпаның физикалық қасиеттерін (шашырауға бейімділік, балқу температурасы, тығыздылығы) зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша А.М. Самарин, М.И. Гасик, W. Koch, В.А. Мчедлишвили, С.Н. Голубев келесідей деректерді келтіреді: құрамында 60-70% марганец, 5-15% кремний, 8-20% алюминий және 0,4-тен 2%-ға дейін көміртегі бар, алюминий мен кремнийдің жалпы мөлшері $\Sigma_{Si+Al} = 22\div 23\%$ -дан аспайтын кешенді қорытпалар (алюминий-марганец-кремний (АМС) жеткілікті берік және сонымен бірге ұсақтауға оңай, яғни қолдануға ыңғайлы [2, б. 63-70, 73-75]. Алюминий мен кремнийдің мөлшері $>30\%$ -дан асса, беріктілігі азаяды. Көміртегі мөлшері жоғарылағанда да, олар оңай ыдырайды.

АМС кешенді қорытпаларының шашырауға бейімділігі оларда марганец 40-50%, кремний 10-20%, алюминий 8-10% және көмір 0,75-1,0% аз болған кезде төмендейді. Кремний мен алюминийдің жалпы мөлшері $\Sigma_{Si+Al} = 19\div 30\%$ құрады.

Құрамында 30-50% кремний және 30-40% марганец, 10% алюминий, 0,6-0,75% көміртегі бар кешенді қорытпаларда кремний мен марганец мөлшері артады. Қорытпалардың барлық топтарындағы фосфордың мөлшері 0,1-0,2% құрады. Барлық зерттелген қорытпаларда жарылуға және одан әрі шашырауға бейімділік байқалды.

АМС кешенді қорытпасының шашырау себептерін С. Н. Голубев, Н.В. Кейс, А.И. Комиссаров өз еңбектерінде тереңірек зерттеген [76, 77]. Осы деректер бойынша құрамында 30%-дан астам кремний, 3%-дан жоғары алюминий және 0,05%-дан жоғары фосфор бар АМС кешенді қорытпалары фосфидтер мен карбидтердің ауа ағынымен өзара әрекеттесуі салдарынан ауада сақталған кезде ұнтақталып шашылып қалатындығы айтылған және де кешенді қорытпаның шашырауын 0,3-0,6%-ға дейін магниймен модификациялау арқылы алдын алуға болатындығы көрсетілген.

Кешенді қорытпаны балқытудың ұтымды технологиясы, ең алдымен, барлық элементтерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін оның физикалық-химиялық қасиеттеріне қойылатын талаптармен анықталады.

Осыған байланысты Fe-Si-Mn-Al металл жүйесін зерттеу қорытпалардың құрамындағы кристалл фазаларын және олардың бұзылуына әсерін анықтауға үлкен қызығушылық тудырады.

Бұл өте маңызды, өйткені Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпаның кейбір қосылыстарына тән қорытпаның жарылуы және одан әрі ұнтаққа айналуы, болатты өңдеу кезінде оларды пайдалану технологиясына теріс әсер етеді.

Экономикалық жағынан қорытпаның шашырауы қайтарымсыз шығын болып табылады, өйткені ұсақталған ұнтақ қорытпасы беткі қабаттың ұлғаюына байланысты ауадағы оттегімен қатты тотығады. Сонымен қатар, металл фазасының құрамы біртіндеп азаяды да кремний мен алюминий тотықтарының мөлшері артады.

Ұнтақ күйінде Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпасын қазіргі заманғы үлкен тонналы үрлеуге арналған арнайы түтікшелері жоқ қондырғыларда (конверттерде, шөміштерде) болатты тікелей өндеуде қолдану тиімсіз, себебі ұнтақтың негізгі бөлігі ауаның жылы ағыны үрленіп жоғалады.

Осыған сүйене отырып, құрамында Fe-Si-Mn-Al бар кешенді қорытпаның кристалдануын зерттеу ыдырауға ұшырамайтын құрамын анықтау және толық түсіну үшін ерекше қызығушылық тудырады.

Fe-Si-Mn-Al металл жүйесін зерттеу темір, кремний, марганец және алюминийдің әртүрлі қатынастарындағы қорытпаның фазалық құрамын дұрыс түсіну және белгілі бір қасиеттері мен сипаттамалары бар өнімдерді алу үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Fe-Al-Si-Mn металдық жүйесі темір мен марганецтің силицидтері мен алюминидтерінен, сондай-ақ күрделі интерметалдық үштік қосылыстардан тұрады.

Fe-Si-Mn-Al металл жүйесі Fe-Si-Mn-Al кешенді қорытпасының құрамына қатысты іс жүзінде зерттелмеген, ғылыми жұмыстар бар, онда жүйе тек қос диаграммалардың қосылыстары бар мәліметтер негізінде қарастырылған, бұл нақтылауды қажет етеді. Қарастырылып отырған Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінде 6 қос жүйені: Fe-Si, Fe-Mn, Fe-Al, Mn-Si, Al-Si, Al-Mn және 4 үштік жүйені: Fe-Si-Al, Si-Mn-Al, Fe-Mn-Si, Al-Mn-Si талдау қажет. Қос жүйелер бойынша зерттеулер бар және диаграмманы көптеген ғалымдар егжей-тегжейлі сипаттайды [78-93].

2.1.2 Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің қос жүйелері қосылыстарының термодинамикалық қасиеттерін талдау

Әдеби дереккөздерде және бағдарламалық кешендердің электронды анықтамалық базасында темір және марганец силицидтері, темір және марганец алюминийі үшін Гиббс энергиясының мәндері туралы көптеген термодинамикалық мәліметтер, сондай-ақ үштік қосылыстар туралы ақпарат бар. Бұл деректерде көбіне қарама-қайшылықтар кездеседі, ал кейбір қосылыстар үшін олар мүлдем жоқ.

Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің үштік қосылыстары үшін Гиббс энергиясының мәні (ΔG°_{298}) әдеби дереккөздерде жоқ. Fe-Si, Fe-Mn, Fe-Al, Mn-Si, Al-Si және Al-Mn қос жүйелерінің қосылыстары үшін ΔG°_{298} жекелеген әдеби мағыналары да күмән тудырады.

Екінші жағынан, жоғарыда аталған қос жүйелердің қосылыстары үшін түзілудің стандартты энтальпиясының мәні (ΔH°_{298}) сәйкес келеді және әртүрлі зерттеушілер пікірлерінде де алшақтық жоқ.

Стандартты жағдайлар үшін (25°C) энтропияның өзгеруі (ΔS°_{298}) минималды және іс жүзінде ΔG°_{298} және ΔH°_{298} мәндерінің айырмашылығы (2.1) формулаға сәйкес әсер етпеуі керек:

$$\Delta G^{\circ}_{298} = \Delta H^{\circ}_{298} - T \cdot \Delta S^{\circ}_{298} \quad (2.1)$$

Яғни, ΔG°_{298} және ΔH°_{298} мәндері стандартты жағдайларда салыстырмалы түрде жақын болуы керек. Мұны 2.2-кестенің деректерінен көруге болады, мұнда ΔG°_{298} және ΔH°_{298} темір силицидтері үшін мәндері салыстырмалы түрде жақын.

Кесте 2.2 – Темір силицидтері үшін ΔH°_{298} және ΔG°_{298} мәндерінің салыстырмалылығы

№	Қосылыс	ΔH°_{298} , кДж/моль	ΔS°_{298} , Дж/моль	дерек көз	ΔG°_{298} , кДж/моль	ΔH°_{298} мен ΔG°_{298} айырма шылығы, %	Балқу нүктесі
1	FeSi (66,6/33,3)	-78,85	44,685	[94]	-78,430	0,53	1683 К
2	FeSi ₂ (50/50)	-81,17	55,647	[94]	-78,405	3,41	1493 К
3	Fe ₃ Si (85,7/14,3)	-93,72	103,596	[94]	-94,597	0,92	1813 К
4	Fe ₅ Si ₃ (76,9/23,1)	-244,35	209,618	[94]	-249,343	2,0	1373 К

Сонымен қатар қос жүйелердегі жеке қосылыстар үшін, балқу температурасында үлкен айырмашылық бар элементтер, атап айтқанда Fe-Al және Al-Mn жүйелер үшін Гиббс энергиясының есептелген мәндеріндегі қателік айтарлықтай.


Сондықтан осы диссертациялық жұмыста Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесін термодинамикалық диаграммалық талдау кезінде мүмкін болатын алмастырушы реакциялардың энергиясын есептеу интерметалдық қосылыстардың пайда болуының стандартты энтальпиясы негізінде жүргізілді.

Fe-Si жүйесі. Fe-Si жүйесінің балқымалары эксперименталды түрде де, әртүрлі модельдік көріністерді қолдану арқылы да кеңінен зерттелген. Бұл оларды жаңа модельдерді сынау және қорытпалар мен лигатуралардың термодинамикалық қасиеттерін анықтаудың жаңа әдістерін әзірлеу кезінде негізгі объектілер ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Теміркремнийлі фазалар металлургия үшін маңызды объектілердің бірі болып табылады, Fe-Si қоспаларының термохимиялық қасиеттерін білу болат пен ферроқорытпа өндірісінде де қажет.

Fe-Si жүйесінің диаграммасын зерттеуге әлем ғалымдарының 70-тен астам еңбегі арналған. Жүйенің қорытпаларында ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде ұсынылған темір негізіндегі кремнийдің (γ -Fe және α -Fe) қатты ерітінділері, сондай-ақ интерметалдық фазалар Fe₂Si(β), Fe₅Si₃(η), FeSi(ϵ), FeSi₂(HT) және FeSi₂(BT) анықталды..

Fe-Si күй диаграммасы (2.1-сурет) концентрацияның толық интервалында эксперименттік және әдеби деректердің негізінде құрастырылған [81, б. 135-138, 88, б. 1107-1108].

Ферросилицийдің кейбір құрамдары қалыпты жағдайда сақталғанда, ұнтақталып шышылатындығы тәжірибеден және әдебиеттік мәліметтерден белгілі. Қорыптаның шашырау себебі қатты күйде ішкі құрылымдық өзгерістер және одан әрі тотығу процесі болып табылатындығы анықталды.



Сурет 2.1 – Fe-Si жүйесінің күй диаграммасы

Ферросилицийді іс жүзінде пайдалану кезінде құрамында кемінде 33,3% кремний бар қорытпалар шашырауға ұшырайтыны анықталды. Бұл барлық қорытпаларында құрамында фазалық құрамы ауыспалы кремний мөлшері 52-58%-ға тең, Курнаковтың ұсынысы бойынша француз ғалымы Лебонның құрметіне аталған – лебоит фазасы кездеседі. Н.Х. Абрикосовтың, Н.В. Гельдтің және т.б. еңбектерінде бұл фазаның FeSi₂ қосылысына жақын екі модификациясы бар: ξ_α – жоғары температуралық модификациясы және ξ_β – төмен температуралық модификациясы екендігі нақтыланып айтылады [95, 96].

Сонымен қатар алюминий, фосфор және кальций қоспаларының қатысуымен де қорытпалар фазасы қарқынды шашырауға ұшырайтыны анықталды [97]. Авторлардың пікірінше, қорытпалар алюминий мен фосфордың бір мезгілде қатысуымен ғана ыдырауға бейім, бұл лебоитте еріген кезде алюминий мен фосфордың Fe-Si-P-Al төрттік ерітіндісін түзілетіндігімен түсіндіріледі. Ауа ылғалының әсерінен ерітінді фосфорлы сутектің едәуір мөлшерін шығарумен ыдырайды.

Лебоиттің ыдырауы оның көлемінің едәуір ұлғаюымен жүреді және ферросилицийдің шашырауына ықпал ететін ішкі кернеулердің себебі болып табылады. Қорытпаның құрамы лебоит фазасынан алыстаған сайын (кремний мөлшерінің төмендеуі не жоғарылауы жағына қарай) ферросилицийдің тұрақтылығы артады, бұл қорытпадағы лебоит мөлшерінің азаюымен түсіндіріледі.


Қалыпты температура 25°C жағдайында Fe-Si жүйесінің фазалық диаграммасын талдау нәтижесінде жүйеде 5 интерметаллдық фаза: Fe₃Si, Fe₅Si₃,

FeSi, FeSi₂, Fe₃Si анықталды. 2.3-кестеде термодинамикалық-диаграммалық талдау жүргізу үшін ең сенімді ретінде темір силицидтері үшін қабылданған ΔH°₂₉₈ мәндер келтірілді [81, б. 135-138, 88, б. 1107-1108].

Кесте 2.3 – Fe-Si жүйесінің қосылыстары үшін қабылданған ΔH°₂₉₈ мәндері

№	Формула	Қатынасы, масс %		ΔH° ₂₉₈ , кДж/моль	Дереккөз
		Fe	Si		
1	Fe ₃ Si	85,64	14,36	-93,72	[94]
2	Fe ₅ Si ₃	76,82	23,18	-244,35	[94]
3	FeSi	66,54	33,46	-78,85	[94]
4	FeSi ₂	50,15	49,85	-81,17	[94]
5	FeSi ₃	53,99	46,01	-154,45	[98]

Fe-Al жүйесі. Fe-Al жүйесінің күй диаграммасы ферросиликоалюминий және ферроалюминий қорытпаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Fe-Si диаграммасы жүйесі сияқты Fe-Al жүйесіне де көптеген зерттеулер жүргізілген [78, б. 106-111, 79, 81, б.15-20, 82]. Оның күй диаграммасы α-Fe кристаллизациясының аймағының кеңдігімен сипатталады. α₂(FeAl) фазасының реттелеген аймағы жеке бөліктерге бөлінеді. Жүйе бес тұрақты фазаны қамтиды, атап айтқанда: Fe₃Al, FeAl₂, FeAl, Fe₂Al₅, FeAl₃ және Fe жағынан да, Al жағынан да шектеулі қатты ерітінділермен шектелетін гомогенді аймақтан тұрады [81, б. 15-20, 85, 86, б. 144-148]. Бұл деректер расталған және Илиных пен Моивеевтің еңбектерінде де кездеседі [99]. Fe-Al күй диаграммасы (2.2-сурет) концентрацияның толық интервалында эксперименттік және әдеби деректердің негізінде құрастырылған [81,82, 86-88, б. 111-112].




Сурет 2.2 – Fe-Al жүйесінің күй диаграммасы

Fe-Al фазалары бар қорытпаларды зерттеу және пайдалану жөнінде ақпарат келтірілген әдеби және практикалық деректерде қорытпаның шашырауы туралы мәліметтер жоқ. Қалыпты температура 25°C жағдайында Fe-Si жүйесінің фазалық диаграммасын талдау нәтижесінде жүйеде 5 интерметаллдық фаза: FeAl₃, Fe₂Al₅, FeAl₂, FeAl және Fe₃Al анықталды. 2.4-кестеде термодинамикалық-диаграммалық талдау жүргізу үшін ең сенімді ретінде темір алюминидтері үшін қабылданған ΔH^o₂₉₈ мәндер келтірілді [81, б.15-20, 86, б. 144-148, 87, б. 111-112, 94, 100 б. 468-480].

Кесте 2.4 – Fe-Al жүйесінің қосылыстары үшін қабылданған ΔH^o₂₉₈ мәндері

№	Формула	Қатынасы, масс %		ΔH ^o ₂₉₈ , кДж/моль	Дереккөз
		Fe	Al		
1	Fe ₃ Al	86,13	13,87	-62,00	[94]
2	FeAl	67,42	32,58	-50,21	[94]
3	FeAl ₂	50,86	49,14	-78,45	[94]
4	Fe ₂ Al ₅	45,29	54,71	-200,00	[94]
5	FeAl ₃	40,83	59,17	-111,63	[94]

Mn-Si жүйесі. Mn-Si күй диаграммасына жоғарыда аталған күй диаграммалары сияқты көптеген зерттеу жұмыстары арналған. Ең толық мәліметтер А. Gokhale, Н. Okamoto, А.Н. Зайцев, М.А. Земченко және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде келтірілген [101-103]. Күй диаграммасын құру үшін термиялық, микроскопиялық және рентгендік анализдердің нәтижелері, сондай-ақ есептелініп алынған мәліметтер қолданылған. Mn-Si күй диаграммасы (2.3-сурет) концентрацияның толық интервалында эксперименттік және әдеби деректердің негізінде құрастырылған [78, б. 1010-1012, 86, б. 383-385, 88, б. 1584-1588, 104].



Сурет 2.3 – Mn-Si жүйесінің күй диаграммасы

Жүйеде жеті интерметалдық фаза бар: олардың ішінде Mn_5Si_3 және $MnSi$ сәйкесінше 1238,2 және 1269,6°C температурада ериді, $v(Mn_9Si_2)$, Mn_3Si , $Mn_{11}Si_{19}$ перитектикалық реакциялар арқылы, $R(Mn_6Si)$ және Mn_5Si - перитектоидтық реакциялар бойынша қалыптасады. Сонымен қатар, Mn_3Si 677°C температурада полиморфты түрленуден өтеді.

$Mn-Si$ фазалары бар қорытпаларды зерттеу және пайдалану жөнінде ақпарат келтірілген әдеби және практикалық деректерде қорытпаның шашырауы туралы мәліметтер жоқ. Қалыпты температура 25°C жағдайында $Mn-Si$ жүйесінің фазалық диаграммасын талдау нәтижесінде жүйеде келесі интерметаллдық фазалар Mn_6Si , Mn_9Si_2 , Mn_3Si , Mn_5Si_3 , $MnSi$, Mn_2Si_3 және $Mn_{11}Si_{19}$ анықталды. 2.5-кестеде термодинамикалық-диаграммалық талдау жүргізу үшін ең сенімді ретінде марганец силицидтері үшін қабылданған ΔH°_{298} мәндер М.И. Гасик еңбектерінен алынды [100]. Mn_9Si_2 және $Mn_{11}Si_{19}$ үшін ΔH°_{298} мәндерін бір типті қосылыстардың термодинамикалық аддитивтік әдісін қолдана отырып, есептелінді.

Кесте 2.5 – $Mn-Si$ жүйесінің қосылыстары үшін қабылданған ΔH°_{298} мәндері

№	Формула	Қатынасы, масс %		ΔH°_{298} , кДж/моль	Дереккөз
		Mn	Si		
1	Mn_6Si	92,15	7,85	-101,90	[98]
2	Mn_9Si_2	89,80	10,20	-322,46	аддитивтілік
3	Mn_3Si	85,44	14,56	-123,85	[98]
4	Mn_5Si_3	76,53	23,47	- 200,83	[98]
5	$MnSi$	66,17	33,83	-77,82	[98]
6	Mn_2Si_3	56,60	43,40	-164,90	[98]
7	$Mn_{11}Si_{19}$	53,11	46,89	-981,35	аддитивтілік


Al-Mn жүйесі. $Al-Mn$ күй диаграммасы Н. Kono, W. Koster, M.A. Taylor және т.б. ғалымдардың еңбектерінде келтірілген жұмыс нәтижелеріне негізделген [105-109, 110, б. 385-392]. Диаграмманы құру үшін дифференциалды, термиялық, металлографиялық, рентгенографиялық, дилатометриялық, электронды микроскопиялық талдау, магниттік тартылыс пен беріктікті өлшеу әдістері қолданылды. $Al-Mn$ күй диаграммасы (2.4-сурет) концентрацияның толық интервалында эксперименттік және әдеби деректердің негізінде құрастырылған [87, б. 131-132, 111].

$Al-Mn$ фазалары бар қорытпаларды пайдалану жөніндегі әдеби және практикалық деректерде қорытпаның шашырауы туралы мәліметтер жоқ.

Қалыпты температура 25°C жағдайында $Al-Mn$ жүйесінің фазалық диаграммасын талдау нәтижесінде жүйеде келесі интерметаллдық фазалар $MnAl_6$, $MnAl_4$, $MnAl_3$, Mn_4Al_{11} , және $MnAl$ анықталды. 2.6-кестеде

термодинамикалық-диаграммалық талдау жүргізу үшін ең сенімді ретінде марганец алюминидтерінің ΔH°_{298} мәндері алынды [112, б. 435-436].

Ірі зертханалық сынақтар қуаттылығы 200 кВ·А болатын кен-термиялық электр пешінде жүргізілді. Графит электродының диаметрі 150 мм. Кен-термиялық электр пеші екі электродпен жабдықталған, бір электрод пеш түбінде массамен кокстелген. Яғни, кен-термиялық электр пеші «Миге» типті электр пешіне ұқсас құрылымда [157-159]. Пеш ваннасының диаметрі 550 мм, ваннаның тереңдігі 400-450 мм. Пештің табаны мұқият тығыздалған және электр өткізгіш қалың массамен жасалған. Электр пеші кернеуі 4 деңгейлі, 18,4-тен 49 В-қа дейін. 4.5-кестеде қуаттылығы 200 кВ·А пеш трансформаторының электрлік сипаттамалары туралы мәліметтер келтірілген.

Пеш ваннасы табанының беті 15-20 бұрышпен саңылау бағытында еңкіш жасалынған, бұл тотықсыздану аймағынан балқыманың оңай шығуын қамтамасыз етеді. Пештің леткасы ауыр ашылуымен Ø 30 мм графит және темір шыбықпен күйдіріп алу жүйесі құрастырылып, орнатылды. Пештің футеровкасы шамот кірпішінен жасалған. Саңылауды жабу үшін отқа төзімді саз және электрод массасының қоспасынан жасалған конустық тығындар қолданылды.

Электр пешін кокспен қыздыру 12 сағат ішінде жүргізілді, ол электр тогының өткізгіші ретінде қызмет етеді және табанды қорғайды. Қыздыру кезеңінің соңында электр пеші кокспен оның күлдің қалдықтарынан толығымен тазартылды. Қыздыру кезеңінің электр режимі: кернеудің 1 және 2 деңгейінде 18,4÷24,6 В, ток күші 800-1000 А жүргізілді.

Шикізат материалдарын пештің колошнигін біртіндеп толтыра отырып, электродтың айналасына тиелді. 15.06.2021 жылы сағат 22:00-де негізгі шикізат материалдарын тиеу басталды. Балқыту үздіксіз түрде жүргізілді, әр 2 сағат сайын шойын құймақалыштарға балқыма мезгіл-мезгіл шығарылып отырды. Летканың ашылуы темір шыбықпен жүзеге асырылды. Әр шығарылымның металы өлшенді, содан кейін химиялық талдау үшін сынамалар алынды. Сынамаларға химиялық талдау МемСт 22772.4-77, МемСт 22772.6-77, МемСт 22772.7-96 сәйкес жүргізілді.

Кесте 4.6 – Қуаттылығы 200 кВ·А кен-термиялық пеш трансформаторының сипаттамасы

№	Қуаттылығы, кВА	ВН жағы		НН жағы	
		Вольт	Ампер	Вольт	Ампер
4	200,0	380	526	49,0	4070
3	150,0	380	395	36,8	4070
2	100,0	380	263	24,5	4070
1	75,0	380	197,6	18,4	4070

КЛ балқыту қуаттылығы 150 кВ·А электр пешінде Fe-Si-Mn-Al балқытуды зертханалық сынау нәтижелері бойынша 3.13 және 3.14-кестелерде ұсынылған шикізат материалдарының келесі құрамдары екі кезеңде жүргізілді:

1) «Сарыадыр» кен орнының көмірі – 20 кг; «Богач» кен орнының марганец кені – 8 кг, кварцит – 2,53 кг, осы құрамды шикізат материалдарының құрамын қолданып, 10-15% Fe; 40-50% Si; 30-40% Mn; 5-12% Al бар КЛ алу көзделді.

2) «Сарыадыр» кен орнының көмірі – 20 кг; брикет – 10 кг, кварцит – 4,64 кг, осы құрамды шикізат материалдарының құрамын қолданып, 7-13% Fe; 45-55% Si; 20-25% Mn; 8-13% Al бар КЛ алу көзделді.

Белгіленген шикізат құрамдарда марганец кенін пайдалана отырып, 30 сағат, ал брикетті қолдана отырып, 26 сағат бойы жұмыс жүргізілді, оның ішінде алғашқы екі шығарылым ауыспалы балқыма болып саналып зерттеу кезінде есепке алынбады. Сонымен қатар, гарнисаждың қалыптасуы және пештің түбін қыздыру 10 сағат ішінде жүзеге асырылды.

Электродтың айналасындағы шикізат материалдарының орналасуы конус түрінде 35-40° бұрышта, 0,2-0,3 м биіктікте болды. Электрлік балқыту режимі электродтарды терең отырғызу кезінде шихтаға қажетті температура жағдайларын жасайтындай етіп таңдалды: номиналды кернеу – 24,5 В, ток – 2400-ден 2800 А-ға дейін. Шикізат материалдарының реакциялық аймаққа түсуі аумақтың опырылусыз, біркелкі болды. Шикізат материалдары реакциялық газдармен біркелкі қыздырылып, тотықсыздандыру үрдістерінің дамуына қолайлы жағдай жасалды. Балқытудың қалыпты режимінен елеулі ауытқулар байқалған жоқ. Реакция аймағы жоғары температурамен сипатталды, балқыма белсенді түрде шығарылды. Қажет болған жағдайда темір шыбықтармен летка тесігін кеңейту жүргізілді. Балқыманы шығару аяқталғаннан кейін газдар реактивті аймақтан металдың толық шығуын көрсететін леткалық тесіктен шықты. Осы технологиялық белгілер болған кезде ғана, летка саңылаулары жабылды, содан кейін электродтың айналасында конус қалыптастыру үшін пешке жаңа шикізат материалдары салынды. Трансформатор қуаттылығы 200 кВА кен-термиялық пеште КЛ балқыту процесі 4.4-суретте көрсетілген.



a



б



в

a - кен термиялық пештің жалпы көрінісі; б, в - колошниктің көрінісі

Сурет 4.5 - Трансформатор қуаты 200 кВ·А кен-термиялық пешінде
КЛ-ды балқыту процесі

«Богач» кен орнының марганец кенін пайдаланып, КЛ алу көрсеткіштері келесідей: осы шикізат материалдарының балқымасындағы марганецтің максималды мөлшері №9 шығарылымда 40,96% құрайды, № 13 және 14 сынамаларда марганецтің ең аз мөлшері 30,2% байқалады. Қорытпадағы марганецтің орташа құрамы 33,65% құрайды. Қорытпадағы кремний 40,14-тен 47,8%-ға дейін, орташа құрам 45,01% құрайды. Алюминийдің қорытпадағы орташа құрамы 5,23% құрады.


Брикетті пайдаланып, КЛ алу көрсеткіштері келесідей: №24 шығарылымда марганецтің максималды мөлшері 26,9% құрайды, №25 сынамада марганецтің ең аз мөлшері 13,32% құрайды. Қорытпадағы марганецтің орташа құрамы 24,20%. Қорытпадағы кремний 50,1-ден 60,74%-ға дейін, орташа 52,30%-ды көрсетті. Алюминийдің қорытпадағы орташа құрамы 11,02% құрады.

Қорытпаға жетекші элементтерді (кремний, марганец және алюминий) алудың есептеу нәтижелері 4.12-4.13-кестелерде және 4.6-суретте келтірілді. Кеннен КЛ балқыту кезінде кремнийдің алынуы – 69,59%, марганец – 82,78%,

алюминий– 30,59%, ал брикеттен балқыту кезінде кремний – 75,94%, марганец – 87,20%, алюминий – 77,42% құрады (4.7÷4.14 кестелер).

4.15-кестеде әртүрлі шикізат материалдарынан балықытылып алынған КЛ-дың орташа құрамын сипаттайтын қорытпаның химиялық құрамы келтірілді.

Қорытпаға кремнийдің енуі 6,35%-ға, марганец 4,42%-ға, алюминий 2 есе артып, брикетті қолданған кезде 46,83%-ға артады. Бұл шикізат материалы ретінде брикетті қолдануда көміртек бөлшектері кеннің ұсақ бөлшектермен тығыз байланысқа түседі және брикеттегі көміртектің барлық массасы тотықсыздандыру реакцияларына жұмсалады.



Сурет 4.6 –КЛ-ды балқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі жетекші элементтерді алу

Алюминийдің қорытпа құрамына өтуінің екі есе артуы брикетті қолдану кезінде температуралық үрдістің жоғарылауымен байланысты. Бұл пеш температурасының жоғарылауы мен КЛ белсенді шығарылуына және де реакциялық аймақ көлемінің ұлғаюына байланысты.

Ірі зертханалық ғылыми-зерттеу кезінде шикізат материалдарының шығыны: 120 кг марганец кені, 300 кг жоғары күлді көмір және 37,95 кг кварцит, сондай-ақ брикетті пайдалану кезінде: 110 кг брикет, 220 кг жоғары күлді көмір және 51 кг кварцит жұмсалды. КЛ балқыту кезеңінде кен мен брикетті қолдану кезінде 9600 және 9400 кВт·сағ электр энергиясы шығындалды. 4.16-кестеде кен мен брикетті пайдалана отырып, КЛ балқытудың негізгі технологиялық көрсеткіштері, сондай-ақ қуаттылығы 200 кВт·А кен-термиялық пештегі Fe-Si-Mn-Al КЛ алудың ірі зертханалық балқыту нәтижелері бойынша шихта материалдарының шығыны 4.17-кестеде берілген.

Кесте 4.7 – Кеннен КЛ алу кезеңі үшін темір балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі Fe ₂ O ₃ , %	Шикізаттағы Fe ₂ O ₃ , %	Fe мөлшері, %	Fe шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Fe мөлшері, %	Fe кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	300,00	43,39	5,584	2,42	1,70	5,09	50,72	Қорытпа	93,20	10,68	9,95	99,23
Кварцит	37,95			0,52	0,36	0,14	1,38	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				95,25	0,00	0,00	Газ			0,08	0,77
Мп кені	120,00			5,72	4,00	4,80	47,90					
Брикет	0,00	63,01	6,41	4,04	2,83	0,00	0,00					
Барлығы	457,95					10,03	100,00				10,03	100,00

Кесте 4.8 – Брикеттен КЛ алу кезеңі үшін темір балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі Fe ₂ O ₃ , %	Шикізаттағы Fe ₂ O ₃ , %	Fe мөлшері, %	Fe шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Fe мөлшері, %	Fe кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	220,00	43,39	5,584	2,42	1,70	3,73	53,10	Қорытпа	84,80	8,25	7,00	99,56
Кварцит	51,00			0,52	0,36	0,19	2,64	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				95,25	0,00	0,00	Газ			0,03	0,44
Мп кені	0,00			5,72	4,00	0,00	0,00					
Брикет	110,00	63,01	6,41	4,04	2,83	3,11	44,26					
Барлығы	381,00					7,03	100,00				7,03	100,00

Кесте 4.9 – Кеннен КЛ алу кезеңі үшін кремний балансы

Шикізат	ШЫҒЫНЫ, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі SiO ₂ , %	Шикізаттағы SiO ₂ , %	Si мөлшері, %	Si шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Si мөлшері, %	Si кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	300,00	43,39	65,590	28,46	13,28	39,84	66,10	Қорытпа	93,20	45,01	41,95	69,59
Кварцит	37,95			95,57	44,60	16,93	28,08	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				1,50	0,00	0,00	Газ			18,33	30,41
Mn кені	120,00			6,27	2,93	3,51	5,82					
Брикет	0,00	63,01	19,90	12,54	5,85	0,00	0,00					
Барлығы	457,95					60,28	100,00				60,28	100,00

Кесте 4.10 – Брикеттен КЛ алу кезеңі үшін кремний балансы

Шикізат	ШЫҒЫНЫ, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі SiO ₂ , %	Шикізаттағы SiO ₂ , %	Si мөлшері, %	Si шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Si мөлшері, %	Si кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	220,00	43,39	65,590	28,46	13,28	29,22	50,03	Қорытпа	84,80	52,30	44,35	75,94
Кварцит	51,00			95,57	44,60	22,75	38,95	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				1,50	0,00	0,00	Газ			14,05	24,06
Mn кені	0,00			6,27	2,93	0,00	0,00					
Брикет	110,00	63,01	19,90	12,54	5,85	6,44	11,02					
Барлығы	381,00					58,40	100,00				58,40	100,00

Кесте 4.11 – Кеннен КЛ алу кезеңі үшін марганец балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі MnO ₂ , %	Шикізаттағы MnO ₂ , %	Mn мөлшері, %	Mn шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Mn мөлшері, %	Mn кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	300,00	43,39	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	Қорытпа	93,20	33,65	31,36	82,78
Кварцит	37,95			0,00	0,00	0,00	0,00	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				0,00	0,00	0,00	Газ			6,52	17,22
Mn кені	120,00			49,94	31,57	37,89	62,85					
Брикет	0,00	63,01	53,71	33,84	21,39	0,00	0,00					
Барлығы	457,95					37,89	62,85				37,89	100,00

Кесте 4.12 – Брикеттен КЛ алу кезеңі үшін марганец балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі MnO ₂ , %	Шикізаттағы MnO ₂ , %	Mn мөлшері, %	Mn шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Mn мөлшері, %	Mn кірісі	
						кг	кг				кг	%
Көмір	220,00	43,39	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	Қорытпа	84,80	24,20	20,52	87,20
Кварцит	51,00			0,00	0,00	0,00	0,00	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				0,00	0,00	0,00	Газ			3,01	12,80
Mn кені	0,00			49,94	31,57	0,00	0,00					
Брикет	110,00	63,01	53,71	33,84	21,39	23,53	40,30					
Барлығы	381,00					23,53	40,30				23,53	100,00

Кесте 4.13 – Кеннен КЛ алу кезеңі үшін алюминий балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі Al_2O_3 , %	Шикізаттағы Al_2O_3 , %	Al мөлшері, %	Al шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Al мөлшері, %	Al кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	300,00	43,39	22,46	9,75	5,16	15,48	25,68	Қорытпа	93,20	5,23	4,87	30,59
Кварцит	37,95			0,00	0,00	0,00	0,00	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				0,00	0,00	0,00	Газ			11,06	69,41
Mn кені	120,00			0,72	0,38	0,46	0,76					
Брикет	0,00	63,01	1,96	1,23	0,65	0,00	0,00					
Барлығы	457,95					15,94	26,44				15,94	100,00

Кесте 4.14 – Брикеттен КЛ алу кезеңі үшін алюминий балансы

Шикізат	Шығыны, кг	Күл құрамы, %	Күлдегі Al_2O_3 , %	Шикізаттағы Al_2O_3 , %	Al мөлшері, %	Al шығыны		Өнім	Салмағы, кг	Al мөлшері, %	Al кірісі	
						кг	%				кг	%
Көмір	220,00	43,39	22,46	9,75	5,16	11,35	19,44	Қорытпа	84,80	11,02	9,34	77,42
Кварцит	51,00			0,00	0,00	0,00	0,00	Қож				
Fe жоңқ.	0,00				0,00	0,00	0,00	Газ			2,72	22,58
Mn кені	0,00			0,72	0,38	0,00	0,00					
Брикет	110,00	63,01	1,96	1,23	0,65	0,72	1,23					
Барлығы	381,00					12,07	20,67				12,07	100,00

Кесте 4.15 – Тәжірибелік балқымалардың КЛ-дың химиялық құрамы

Балқыту №	Fe	Si	Al	Mn	Ca	C	S	P
Марганец кенін қолдану арқылы								
4	12,3	44,1	2,5	31,3	5,7	0,5	0,01	0,06
5	10,8	45,4	3,4	32,2	5,3	-	-	-
6	11,3	46,1	2,9	33,8	4,26	-	-	-
7	11,7	45	3,8	32,1	6,2	0,5	0,013	0,09
8	11,1	44,9	2,2	36,4	4,7	-	-	-
9	10,82	41,75	2,5	40,96	3,2	-	-	-
10	9,8	46,7	3,3	32,8	3,6	0,5	0,015	0,08
11	8,1	46,8	5,8	32,6	4,8	-	-	-
12	10,2	47,8	8	31,1	2,8	-	-	-
13	10,1	47,5	7,9	30,2	3,2	0,3	0,02	0,07
14	9,2	47,3	9,7	30,2	2,26	-	-	-
15	10,2	44,3	8,3	32,6	3,8	-	-	-
16	10,3	43,9	9,2	35,1	0,9	0,5	0,013	0,08
17	14,13	40,14	3,2	38,62	3,2	-	-	-
18	10,2	43,5	5,7	34,7	5,5	-	-	-
Σ _{ср.}	10,68	45,01	5,23	33,65	4,26	0,45	0,013	0,073
Құрамында марганец бар брикетті қолдану арқылы								
21	9,7	52,1	10,4	23,7	3,3	0,5	0,011	0,065
22	7,4	53,6	10,8	24,9	3,1			
23	7,6	51,1	11,53	25,7	3,8			
24	7,8	51,5	9,3	26,9	3,5	0,42	0,01	0,065
25	12,41	60,74	10,54	13,32	1,2			
26	8,1	50,7	12,53	24,1	4,2			
27	7,5	49,5	11,4	26,6	4,7	0,4	0	0,065
28	11,25	54,99	8,03	22,73	2,1			
29	7,1	50,1	12,8	25,8	3,9			
30	6,7	50,8	12,2	25,9	3,7	0,4	0,011	0,065
31	5,2	50,2	13,7	26,6	4,2			
Σ _{ср.}	8,25	52,3	11,02	24,2	3,43	0,43	0,011	0,065

4.15-кестенің негізінде брикетті пайдалану кезінде электр энергиясының меншікті шығыны 200 кВт·сағ/т, яғни 2,1%-ға азаяды. Брикетті пайдалану кезіндегі сағаттық өнімділік кеннен КЛ балқытумен салыстырғанда 19,2%-ға артқандығын көрсетті.

Осылайша, КЛ балқыту нәтижелерін талдау нәтижесі жоғары күлді көмір мен марганец кендерінен, сондай-ақ марганец кені мен кокс қалдықтарынан әзірленген брикеттерден КЛ балқытудың мүмкіндігін көрсетті (Б қосымшасы)

Кесте 4.16 –КЛ-ды балқытудың технологиялық көрсеткіштері

Параметр	Көрсеткіш	
	Кеннен	Брикеттен
Кешенді лигатуралар алынды, кг	93,20	84,80
Балқыту кезеңінің уақыты, сағ	30	22
Электр энергиясын алу, кВт·сағ	894,72	797,12
Электр энергиясының меншікті шығыны, кВт·сағ/т	9600	9400
Алынуы, %		
Fe	99,23	99,56
Si	69,59	75,94
Mn	82,78	87,20
Al	30,59	77,42
Өнімділік, кг/сағ	3,11	3,85

Кесте 4.17 – Шикізат материалдарының шығыс нормалары

Шикізат материалдары	Параметрлер	Көмір	Кварцит	Mn кені	Брикет	Σ	Me, кг
Кен қолдану арқылы	Компания үшін жұмсалған, кг	300	38	120	-	457,95	93,20
	Шығыс нормасы, т/т	3,22	0,41	1,29	-	4,91	1000,0
Брикет қолдану арқылы	Компания үшін жұмсалған, кг	220	51	-	110	381,0	84,80
	Шығыс нормасы, т/т	2,59	0,60	-	1,29	4,49	1000,0

4.4 Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасының техникалық-экономикалық талдауы

Техникалық-экономикалық талдаудың мақсаты марганец пен кремний стандартты ферроқорытпаларын және техникалық таза алюминийді ішінара немесе толығымен алмастыра отырып, конверторлы болатты оттексіздендіру кезінде Fe-Si-Mn-Al КЛ қолданудың экономикалық мақсаттылығы мен тиімділігін зерттеу болып табылады.

Экономикалық тиімділік дегеніміз – ең алдымен, өнімнің өзіндік құнын білдіреді. КЛ өзіндік құнының калькуляциясы ХМИ жағдайында 200 кВт·А кен-термиялық пеште қорытпаны балқыту кезінде алынған нақты көрсеткіштер бойынша жасалды (4.16-кесте).

Қазіргі уақытта қорытпаны қолданудың экономикалық тиімділігін салыстырмалы бағалау үшін әзірленген технология бойынша балқытылған Fe-Si-Mn-Al КЛ аналогтары жоқ.

Fe-Si-Mn-Al КЛ (4.15-кестедегі лигатураның орташа құрамы) және стандартты ферроқорытпалармен конверторлы болаттың оттексіздендіруін сандық салыстыруы технологиялық есептерді шешудің сандық тәсіліне негізделген Microsoft Excel электрондық кестелерін қолдана отырып, итерация әдісімен жүргізілді. Оттексіздендіруді салыстырмалы есептеу нәтижелері 4.18-

кестеде келтірілген. Салыстырмалы талдау үшін FeMn78, FeSi75, SiMn17 маркалы ферроқорытпалар және АВ87 маркалы техникалық таза алюминий қолданылды.

Кесте 4.18 – Fe-Si-Mn-Al КЛ-дың өзіндік құнының калькуляциясы

№	Шығыс бабы	Өл. бір.	1 тоннаға жұмсалатын шығын	Бірлік үшін бағасы, \$ (курс бойынша 440 тенге)	Сумма, \$
Кенді қолдану арқылы					
1	Марганец кені	т	1,29	306,8	790,01
2	Жоғары күлді көмір	т	3,22	40,91	131,69
3	Кварцит	т	0,41	68,18	18,68
4	Брикет	т	-	-	-
5	Электр энергиясы	МВт·ч/т	9,4	0,34	3,2
1 тонна кешенді лигатураның өзіндік құны					558,6
Брикетті қолдану арқылы					
1	Марганец кені	т	-	-	-
2	Жоғары күлді көмір	т	2,59	40,91	153,13
3	Кварцит	т	0,60	68,18	134,25
4	Брикет	т	1,29	185,18	693,13
5	Электр энергиясы	кВт·ч/т	9,2	0,34	3,13
1 тонна кешенді лигатураның өзіндік құны					509,0

Болатты оттексіздендіру нұсқаларын қолдану тиімділігін бағалау үшін алынатын КЛ [160] арналған болаттың тыныш және жартылай тыныш маркалары үшін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ конверторлық цехының деректері бойынша шығындар таңдалды (В қосымшасы).

4.18-кестесінен алынған мәліметтерге сәйкес, болаттың жартылай тыныш маркаларын алу үшін сәйкесінше кен мен брикетті қолдану арқылы алынған КЛ қолданған кезде, біз 0,16 кг ФМн78 маркалы ферромарганецті, 0,9 кг FeSi75 маркалы ферросилицийді, 0,8 кг SiMn17 маркалы силикомарганец пен 0,1 кг АВ87 маркалы техникалық таза алюминийді немесе 0,16 кг ФМн78, 0,9 кг FeSi75, 0,5 кг SiMn17 және 0,22 АВ87 маркалы техникалық таза алюминийді тұратын механикалық қоспаны алмастыра алатынымызды айта аламыз.

Ал тыныш маркалы болаттарды оттексіздендіру үшін сәйкесінше, кен мен брикетті қолдану арқылы алынған КЛ пайдаланғанда 0,11 кг ФМн78 маркалы ферромарганецті, 1,285 кг FeSi75 маркалы ферросилицийді, 0,8 кг SiMn17 маркалы силикомарганец пен 0,1 кг АВ87 маркалы техникалық таза алюминийді немесе 0,11 кг ФМн78, 1,285 кг FeSi75, 0,5 кг SiMn17 және 0,22 кг АВ87 маркалы техникалық таза алюминийден тұратын механикалық қоспаны алмастыра аламыз.

Талдау көрсеткендей, КЛ пайдалану кезінде тоннасына 2 кг КЛ-ды тұтыну кезінде болаттың әр тоннасынан 4,8-ден 10,6 долларға дейін үнемдеуге

болады. КЛ бір тоннасының өзіндік құны 500-600 \$ шамасында болады (4.19-кесте).

Кесте 4.19 – Оттексіздендіру процесінде КЛ-ды қолданудың экономикалық тиімділігін талдау нәтижесі

Параметрлер		FeMn78	FeSi75	SiMn17	AB87	Δ, \$
Бірлік үшін бағасы, \$		2,210	3,540	1,310	2,800	
Жартылай тыныш болат	Стандартты кезінде, кг/т	0,16	0,9	5,75	1,64	
	Жиынтық құны, \$	0,3536	3,186	7,5325	4,592	15,66
	Кен лигатурасын пайдалану кезінде, кг/т	0	0	4,95	1,54	
	Жиынтық құны, \$	0	0	6,48	4,29	4,88
	Брикет лигатурасын қолдану кезінде, кг/т	0	0	5,25	1,42	
	Жиынтық құны, \$	0	0	6,88	3,97	4,81
Тыныш болат	Стандартты кезінде, кг/т	0,11	2,57	6,35	1,25	
	Жиынтық құны, \$	0,2431	9,0978	8,3185	3,5	21,16
	Кен лигатурасын пайдалану кезінде, кг/т	0	1,28	5,55	1,1454	
	Жиынтық құны, \$	0	4,55	7,27	3,21	10,68
	Брикет лигатурасын қолдану кезінде, кг/т	0	1,28	5,85	1,03	
	Жиынтық құны, \$	0	4,55	7,66	2,88	10,61

* 2 кг/т болат КЛ шығыны кезінде

4.5 Fe-Si-Mn-Al кешенді лигатурасының физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттері

Жаңа технологияны жүзеге асыру және КЛ ұсақтау және елеу бойынша тиісті технологиялық жабдықтарды орнату үшін КЛ механикалық сипаттамаларын зерттеу мақсатында физикалық-химиялық және металлургиялық зерттеулер жүргізілді.

КЛ қорытпасының беріктігін анықтау үшін өлшемдері 100*60*30 мм-лік әртүрлі құрамды кремний, марганец және алюминийдің 4 дана сынама-сы алынды (4.20-кесте).

Алмаз машинасында беріктікті анықтау және салыстыру үшін алты үлгінің текшелері кесілген, содан кейін қондырғыда тәжірибелік үлгілерді қысу арқылы МемСт 21153.2-84 талаптарына сәйкес материалдардың беріктігі (қысу

кезінде) анықталды. Үлгілерді сынау кезінде салыстыру үшін КЛ үлгілерінің тау жыныстарына қарағанда күшті екендігі байқалды: ауыр жыныстардың сығылу күші $\sim 1100 \text{ кг/см}^2$ құрайды. Сығымдау кезінде негізінен барлық сынақтар жарықтардың пайда болуымен бұзылатыны анықталды. Осындай әдістеме бойынша салыстырмалы талдау үшін FeSi75 (1186 кг/см^2) және FeMn78 (1247 кг/см^2) болаттың оттексіздендіруінде қолданылатын кең таралған ферроқорытпалардың беріктігі анықталды. Тәжірибелік үлгілерді сығу кезіндегі беріктікке сынау нәтижелері 4.20-кестеде келтірілген.

Кесте 4.20 – Тәжірибелік үлгілерді беріктікке сынау нәтижелері

№	Сынама № және ФС, ФМн	Химиялық құрамы				Беріктік шегі, кг/см ²
		Fe	Si	Al	Mn	
1	Сынама №9	10,82	41,75	2,5	40,96	1480
2	Сынама №17	14,13	40,14	3,2	38,62	1550
3	Сынама №25	12,41	60,74	10,54	13,32	1286
4	Сынама №28	11,25	54,99	8,03	22,73	1246
5	FeSi75	23,25	74,0	-	1,5	12650 ?
6	FeMn78	9,9	5	78	-	1650


Осылайша, КЛ мен стандартты ферроқорытпалардың тәжірибелік үлгілерінің механикалық қасиеттерін сынау нәтижесінде КЛ №25 және №28 сынамалар мәні бойынша FeSi75 ферросилицийінің беріктігіне өте жақын және 1286 кг/см^2 және 1246 кг/см^2 берік екендігі анықталды. №9 және №17 сынамалардың беріктігі 1480 кг/см^2 және 1550 кг/см^2 болады, және беріктігі 1650 кг/см^2 болатын FeMn78 ферромарганецінің беріктігіне жақын. Құрамында 10-15% темір бар КЛ барлық тәжірибелік үлгілері стандартты ферроқорытпа ретінде салыстырмалы түрде оңай сыналады және ферроқорытпа зауыттарының қосалқы цехтарының қолданыстағы агрегаттарында ұсақтауға және електен өткізуге ұшырай алады.

КЛ балқытып алуды бағалауда маңызды критерийлердің бірі болып табылатын лигатураның рентгенді фазалық талдау, лигатураның тығыздығы мен балку температурасын есептеу әдісімен анықтау жүргізілді [161].


Лигатураны рентгенді фазалық талдау «Назарбаев Университет» АҚ базасында Rigaku SmartLab көпфункционалды рентгендік дифрактометрі пайдаланылды. Rigaku SmartLab рентген дифрактометрі – үлгілердің құрылымын зерттеу бойынша әртүрлі өзекті рентген әдістемелерін пайдалана отырып, міндеттердің кең спектрін іске асыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды эксперименттік қондырғы.

Жаңа КЛ рентгенді фазалық талдау нәтижелері 4.20-кестеде (1-4-жол) көрсетілген. Алынған КЛ рентгенограммалары 4.7-4.10-суреттерде келтірілген.


КЛ тәжірибелік үлгілерін рентгенді фазалық талдау нәтижелері келесі фазалар мен қосылыстардың болуын растайды: $\text{Mn}_{11}\text{Si}_{19}$, MnSi , Mn_2Si_3 , Fe_3Si_7 , $\text{Fe}_5\text{Al}_8\text{Si}_7$, $\text{Mn}_3\text{Al}_3\text{Si}_2$ және еркін кремний Si.




Сурет 4.7 – КЛ-дың №9 сынама үлгісінің рентгенограммасы




Сурет 4.8 – КЛ-дың №17 сынама үлгісінің рентгенограммасы



Сурет 4.9 – КЛ-дың №25 сынама үлгісінің рентгенограммасы



Сурет 4.10 – КЛ-дың №28 сынама үлгісінің рентгенограммасы



Сурет 4.11 - Fe-Si-Mn-Al металл жүйесінің фазалық құрамының диаграммасында КЛ сынамалары үлгілерінің орналасуы

Материалдардың маңызды физикалық-химиялық сипаттамаларының ішінде қорытпаның тығыздығы ерекше орын алады, ол оны алу үрдісіне ғана емес, сонымен қатар жетекші элементтердің игерілу дәрежесі мен тұрақтылығына, оның еру жылдамдығына және болат көлемінде біркелкі таралуына айтарлықтай әсер етеді. Қорытпаның тығыздығы жетекші элементтердің болатқа толық сіңуіне және қорытпаның еру жылдамдығына әсер етеді. Тәжірибелік үлгілердің тығыздығы №9 сынамада - 4,9 г/см³, №17 - 4,97 г/см³, №25 – 3,66 г/см³ және №28 – 4,06 г/см³ құрады. Болатты өңдеуге арналған қорытпаның тығыздығы 4000-7000 кг/м³ аралығында болуы керек. Тығыздығы, кесектердің мөлшері, қорытпадағы темір мөлшері болаттың оттегісіздендіру үрдісіне әсер етеді [100]. Қорытпалардың жоғары шығыны мен отқа төзімділігі болаттың тез салқындауына әкеледі. КЛ балқу температурасы 1581 К, 1585 К, 1564 К және 1575 К құрады, олар алдын ала міндеттерде қойылған талаптардан төмен [161]. Кеннен алынған КЛ-дың орташа тығыздығы 4,52 г/см³, брикеттен 3,96 г/см³, балқу температурасы 1560 К және 1540 К.

4 тарау бойынша қорытынды

1. Ірілігі 5 мм-ге дейін, 0÷2 мм-ге дейін ұсақталған марганец құрайтын кен қалдықтары және кокс қалдықтарын кесектеу технологиясы пысықталды. Байланыстырушы материал ретінде сұйық шыны және микрокремнезем қолданылды. Нәтижесінде 0,2 тонна мөлшерінде брикеттердің тәжірибелік партиясы дайындалды. Марганец кені мен кокс қалдықтарынан жасалған брикеттер беріктігі жоғары және кен-термиялық пештеріне арналған материалдарға қойылатын барлық талаптарға жауап беретіні анықталды.

2. 150 кВА жаңа кен-термиялық пештегі Fe-Si-Mn-Al КЛ балқыту жоғары температуралы жағдайларда оң сипаттамаларды көрсетті, амперметр және вольтметр ғылыми-зерттеу жұмысының тұрақты режимде жұмыс жасағандығын көрсетті. Балқыту 27,4 В кернеуде, 1000-1500 А ток жүктемесінде жүргізілді. Жетекші элементтердің алынуы (массасы бойынша, %: 75-85 Si, 80-87 Mn және 60-70 Al құрады. Тәжірибелік сынақтар ұсынылған шикізат материалдары материалдарын пайдалана отырып, Fe-Si-Mn-Al негізінде КЛ балқытудың принципті мүмкіндігін куәландырады.

Қуаты 150 кВА жаңа пештегі тәжірибелік сынақтардың нәтижелері бойынша КЛ балқыту технологиясын пысықтау және технологиялық көрсеткіштерді жетілдіру үшін «Сарыадыр» кен орнының жоғары күлді көмірлерін, марганец кенін және брикетті қолдана отырып, қуаты 200-250 кВА пеште салыстырмалы ірі зертханалық сынақтар жүргізу ұсынылды. Зертханалық жұмыс нәтижесі Актімен расталған (Ә қосымшасы)

3. 200 кВА кен-термиялық электр пешінде құрамында марганец бар кеннен, брикеттерден және жоғары күлді көмірден КЛ алудың қағидатты мүмкіндігі анықталды. КЛ химиялық құрамын реттеу және көміртегінің артық мөлшерін бейтараптандыру үшін шикізат материалдарының құрамында кварцит пайдаланылды. Ірі зертханалық зерттеу нәтижесі бойынша КЛ келесі құрамда алынды:

– кенді пайдалану кезінде КЛ орташа химиялық құрамы (салмағы бойынша), %: 12,38 Fe; 45,01 Si; 33,65 Mn және 2,86 Al;

– брикетті пайдалану кезінде КЛ орташа химиялық құрамы (салмағы бойынша), %: 9,8 Fe; 52,30 Si; 24,20 Mn және 6,53 Al.

– КЛ құрамына жетекші компоненттердің қорытпаға өту дәрежесі, %: 99,88 - 99,30 Fe; 69,34÷75,90 Si; 82,78÷87,22 Mn және 30,59÷77,41 Al құрады.

Қуаттылығы 200 кВ·А кен-термиялық электрлік пеште жүргізілген сынақтар Fe-Si-Mn-Al КЛ алудың принципті мүмкіндігін көрсетті. Шихтаның екі нұсқасы да техникалық-экономикалық көрсеткіштің оң нәтижесін көрсетті, балқыту процесінің технологиялық режимі пысықталды. КЛ балқыту нәтижелерін талдау брикеттерді негізгі шикіқұрамының бөлігі ретінде қолдану балқыту үрдісін жақсартуға ықпал ететіндігін, колошникті өңдеуді жеңілдететінін және ағымдағы жүктемені тұрақтандыратынын көрсетті. Брикеттерді қосу реакциялық тигельді кеңейтуге, шикізат материалдарының пеш ваннасына түсуін жақсартуға, колошниктің бүкіл беті бойынша

технологиялық газдардың біркелкі бөлінуіне ықпал етеді, сондай-ақ газдардың аз мөлшеріне, яғни төмендеуіне әкеледі. Ірі зертханалық КЛ балқытудың нәтижесі Актімен расталған (Б қосымшасы).

4. Физикалық-химиялық талдау әдістерімен Fe-Si-Mn-Al КЛ тәжірибелік үлгісінің негізгі сипаттамалары зерттелді. Тәжірибелік үлгілердің дифрактометрінде рентгенограмманың нәтижелері бойынша КЛ фазалық құрамы анықталды. Алынған КЛ тәжірибелік үлгілері ұзақ сақтау кезінде шашылып қалмады, өйткені КЛ фазалық құрамында FeSi_2 (лебоит) қосылыстары табылған жоқ. Жаңа КЛ тығыздығы $3,96 \div 4,52 \text{ г/см}^3$ құрайды. Балқу температурасы 1540-1560 К.

Диссертациялық жұмыста алынған негізгі нәтижелер ҚР қара металлургия саласындағы жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізілді: Toraighyrov University-нің 6B07203 – «Металлургия» ББ бойынша бакалавриаттың «Ферроқорытпалардың электрометаллургиясы» пәніне (Г қосымшасы), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6B07203 «Металлургия» ББ бойынша бакалавриаттың «Кешенді қорытпалар өндірісінің теориясы мен технологиясы» пәніне, 7M07203 – «Металлургия» ББ бойынша магистратураның «Қара және түсті металлургияның шикізат ресурстарын қайта өңдеудің инновациялық технологиялары» пәніне (Ғ қосымшасы) және Қарағанды индустриялық университетінің 6B07202 және 6B07206 «Қара металдар металлургиясы» бойынша бакалавриаттың «Металлургия өндірісінің техногенді қалдықтарын қайта өңдеу» және «Болат балқытудың теориясы мен технологиясы» пәндері бойынша және 7M07203 «Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ бойынша магистратураның «Қара және түсті металлургияның шикізат ресурстарын қайта өңдеудің инновациялық технологиялары» және «Конденсацияланбаған және техногендік шикізатты қайта өңдеу технологиялары» пәндеріне енгізілді (Д қосымшасы).

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды:

Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми және практикалық қорытындылары келесідей:

Термодинамикалық-диаграммалық талдау әдісі арқылы төрт компонентті Fe-Si-Mn-Al металл жүйесіне фазалық талдау жүргізілді, онда темір, кремний, марганец және алюминийдің келесі тұрақты екілік 22 қосылысы: Fe_3Si ; Fe_5Si_3 ; $FeSi$; $FeSi_2$; Fe_3Si_7 ; Fe_3Al ; $FeAl$; $FeAl_2$; Fe_2Al_5 ; $FeAl_3$; Mn_6Si ; Mn_9Si_2 ; Mn_3Si ; Mn_5Si_3 ; $MnSi$; Mn_2Si_3 ; $Mn_{11}Si_{19}$; $MnAl_6$; $MnAl_4$; $MnAl_3$; Mn_4Al_{11} ; $MnAl$ және Fe-Si-Al мен Mn-Al-Si үштік жүйесі негізінде 18 қосылысы: $Fe_5Al_8Si_7$; $FeAl_3Si_2$; $Fe_3Al_3Si_2$; $Fe_4Al_8Si_3$; $Fe_6Al_{15}Si_5$; $Fe_4Al_{12}Si_3$; $FeAl_4Si$; $Mn_4Al_3Si_2$; $Mn_3Al_3Si_2$; $Mn_3Al_3Si_4$; $Mn_3Al_8Si_9$; $Mn_4Al_9Si_3$; Mn_3Al_9Si ; $Mn_3Al_{12}Si$; $Mn_2Al_9Si_2$; $Mn_3Al_{15}Si_2$ анықталды.

Fe-Si-Mn-Al металл жүйесінің тетраэдрациясы жүргізілді, онда кешенді Fe-Si-Mn-Al лигатураны сипаттайтын 56 қарапайым тетраэдр анықталды. Термодинамикалық-диаграммалық талдаудың негізгі мақсаты өздігінен жарылуына бейім және әрі қарай ұнтақты күйге дейін шашырауға түсетін аймақты анықтау болды. Екі және үштік жүйелердің күй диаграммасын зерттеу кезінде шашырауға бейімді фаза анықталды.

Термодинамикалық модельдеу кремний, марганец және алюминий тотықтарының бірлесіп тотықсыздануының мүмкін екендігін көрсетті. Термодинамикалық модельдеу Гиббс энергиясының минимум принципіне негізделген HSC Chemistry бағдарламалық кешенін қолдана отырып, жүргізілді, процестің оңтайлы параметрлерін анықтау екінші ретті айналмалы жоспар (Бокса-Хантер жоспары) әдісімен жүргізілді. Диссертациялық жұмыста шихтаның негізгі компоненттерін (темір, кремний, марганец және алюминий тотығы) толық тотықсыздандыра отырып, қолданылатын құрамында Fe-Si-Mn-Al КЛ-ды балқытудың теориялық мүмкіндігі анықталды. Темір, кремний, марганец және алюминийдің бөлінуі есептелінді. Элементтердің қорытпаға өтуінің дәрежесі және олардың қорытпадағы концентрациясы анықталды.

Алынған $t_{Бж}$, $t_{Сж}$ және Δt жұмсарту көрсеткіштері негізінде «Богач» және «Есімжал» кен орындарында марганец кендеріне және КЛ-ды алу үшін шихта материалдарының негізгі құраушыларының бірі жоғары күлді көмірдің меншікті электр кедергісін зерттеу мақсатында шикізат материалдарына ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді.

Температура тұрғысынан жұмсартудың басталуы және жұмсартудың температуралық аралығы тұрғысынан ең жақсы шикізат «Богач» кен орнының кені болып табылады. Сондай-ақ, кендегі марганецтің мөлшері неғұрлым көп болса, жұмсарту процесі жоғары температура аймағында жүретіндігі және жұмсарту процесінің аралығы азаятындығы анықталды.

Жоғары температураға дейін термиялық емес қыздыру кезінде электрлік кедергінің мәні көмір үлгісінің химиялық және минералогиялық құрамына,

сондай-ақ фазалық өзгеру процестеріне байланысты. «Жамантұз» кен орны көмірінің жұмсарту температурасының мәні жоғары. Жоғары температураларда «Сарыадыр» кен орнының көмірі жоғары меншікті электр кедергісімен сипатталады. Алынған зерттеу нәтижелері кен-тотықсыздандырғыш пештерде зертханалық және ірі зертханалық сынақтар жүргізу үшін базалық және негіз болып табылады.

0÷2,5 мм ұсақ фракциялы марганец кені мен кокстың қалдықтарынан брикет дайындалды. Тотықсыздандырғыштың шикізат материалдары мен байланыстырғыштарға қатысты оңтайлы қатынасы анықталды. Нәтижесінде механикалық беріктігі кен-тотықсыздандырғыш пештерге арналған материалдарға қойылатын талаптарға жауап беретін брикеттердің тәжірибелік партиясы дайындалды.

Марганец кендері мен жоғары күлді көмірді пайдалана отырып, кешенді лигатураның үлгілерін алу үшін және кешенді лигатураларды алудың принципті мүмкіндігі анықтау мақсатында қуаттылығы 150 және 200 кВ·А кен-тотықсыздандырғыш электрлі пешінде зертханалық және ірі зертханалық зерттеу жүргізілді. Шихта материалдары ретінде жоғары күлді көмір, құрамында марганец бар кендер, кварцит және брикет пайдаланылды. 150 кВ·А кен-термиялық зертханалық электрлі пеште КЛ-дың алғашқы үлгілері алынды. Жетекші элементтерді алу (массасы бойынша, %): 75-85 Si, 80-87 Mn және 60-70 Al құрады. Осылайша, жүргізілген эксперименттік сынақтар жоғарыда келтірілген шикізат материалдарын пайдалана отырып, құрамында Fe-Si-Mn-Al КЛ-ды балқытудың принципті мүмкіндігі анықталды.

Қуаттылығы 200 кВ·А кен-тотықсыздандырғыш электр пешінде марганец кендерінен, брикеттен және жоғары күлді көмірден Fe-Si-Mn-Al КЛ-дарды алудың принципті мүмкіндігі анықталды. Марганец кенін, жоғары күлді көмірді және кварцитті пайдалана отырып алынған лигатураның орташа химиялық құрамы, %: 12,38 Fe; 45,01 Si; 33,65 Mn және 2,86 Al, ал, брикетті, жоғары күлді көмірді және кварцитті пайдалана отырып алынған лигатураның орташа химиялық құрамы, %: 9,8 Fe; 52,30 Si; 24,20 Mn және 6,53 Al негізгі элементтердің қорытпаға өту дәрежесі, %: 99,88 - 99,30 Fe; 69,34÷75,90 Si; 82,78÷87,22 Mn және 30,59÷77,41 Al құрады. Лигатураны балқыту процесінің оңтайлы технологиялық және электрлік режимдері анықталды.

Жаңа Fe-Si-Mn-Al КЛ-дың физикалық-химиялық және металлургиялық зерттеу әдістері арқылы негізгі сипаттамалары зерттелді. Тәжірибелік үлгілердің рентгенографиясы қорытпалардың фазалық құрамы $Mn_{11}Si_{19}$, $MnSi$, Mn_2Si_3 , Fe_3Si_7 , $Fe_5Al_8Si_7$, $Mn_3Al_3Si_2$ және еркін кремний Si түрінде кездесетіндігін көрсетеді. Жаңа КЛ-дың тығыздығы $3,6\div 5,1$ г/см³ құрайды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері диссертация тақырыбының ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын Web of Science (Clarivate Analytics) базасында Science Citation Index Expanded мен Scopus (Elsevier) базасында CiteScore бойынша және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған металлургия саласындағы отандық басылымдарда жарияланған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясының халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларында талқыланған.

Қойылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалау.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде диссертациялық жұмыста қойылған міндеттер толығымен шешілді, атап айтқанда:

– қорытпаның өздігінен шашырауының негізгі себебін және аумағын анықтау мақсатында Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің фазалық-құрылымдық құрылысы термодинамикалық-диаграммалық талдау әдісімен зерттелді;

– КЛ-дарды балқыту кезінде жаңа деректерді болжау және алу мақсатында Гиббс энергиясын минималдық және термодинамиканың вариациялық принциптеріне негізделген заманауи бағдарламалық кешен көмегімен термодинамикалық модельдеу жүргізілді;

– әртүрлі кен орындарындағы марганец кендерінің жұмсаруының температуралық сипаттамалары және температураға байланысты әртүрлі кен орындарының жоғары күлді көмірінің меншікті электр кедергісі анықталып зерттелді;

– ұсынылған шикізат материалдарын қолдану арқылы қорытпа үлгілерін алу үшін, КЛ алу технологиясын жетілдіру және толықтыру мақсатында зертханалық және ірі зертханалық сынақтар жүргізілді;

– Fe-Si-Mn-Al негізіндегі жаңа КЛ-дың физикалық-химиялық және металлургиялық қасиеттері зерттелді.

Нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсыныстар мен бастапқы деректер.

Fe-Si-Mn-Al жаңа КЛ алудың әзірленген технологиясын ферроқорытпалар мен лигатураларды өндіруге маманданған кәсіпорындарға енгізуге болады. Технологиялық сұлба марганец ферроқорытпа өндірісіне тікелей қолданылмайтын марганец кендерін және осы уақытқа дейін тек халық шаруашылығының қажеттіліктері үшін пайдаланылған жоғары күлді көмірлерден өздігінен шашырамайтын КЛ алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ұсынылып отырған технологияның болашағы зор және «қазақстандық» қорытпасы (ФСА) негізінде Fe-Si-Mn-Al КЛ өндіретін кәсіпорындарды іске қосуды болатындығын атап өткен жөн. Диссертация тақырыбы негізінде алынған нақты нәтижелер негізінде жұмысты одан әрі келесі бағыттар бойынша жалғастыруға болады:

1) Fe-Si-Mn-Al КЛ-мен болатты өңдеу технологиясын зерттеу және әзірлеу;

2) Жартылай тыныш және тыныш болат маркаларын балқыту кезінде жаңа кешенді оттексіздендіргіштердің оттексіздендіру қабілетін зерттеу;

3) Металлотериялық әдіспен марганецтің стандартты ферроқорытпаларын балқыту кезінде тотықсыздандырғыш ретінде қолдану тиімділігін анықтау.

Енгізудің техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау.

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде алынған 2 кг Fe-Si-Mn-Al КЛ стандартты ФМн78 маркалы ферромарганец, FeSi75 маркалы ферросилиций мен SiMn17 маркалы силикомарганец ферроқорытпаларымен АВ87 маркалы

техникалық таза алюминийді («АрселорМиттал Теміртау» АҚ мәліметтері негізінде) тыныш және жартылай тыныш конвертерлік болатты оттексіздендіру бойынша технологиялық есептеулер арқылы тиімділігі болаттың әр тоннасынан 4,8-ден 10,6 долларға дейін үнемдеуге болатындығы болжануда.

Технологияны енгізудің техникалық-экономикалық тиімділігі ферроқорытпалар мен техникалық таза алюминийдің механикалық қоспасын КЛ-мен алмастыру арқылы жүзеге асады. Қолданыстағы технология бойынша ферроқорытпалар шығыны - 0,16 кг ФМн78 маркалы ферромарганецті, 0,9 кг FeSi75 маркалы ферросилицийді, 5,75 кг SiMn17 маркалы силикомарганец пен 1,64 кг АВ87 маркалы техникалық таза алюминий (жартылай тыныш болат маркалары үшін), 0,11 кг ФМн78 маркалы ферромарганецті, 2,57 кг FeSi75 маркалы ферросилицийді, 6,35 кг SiMn17 маркалы силикомарганец пен 1,25 кг АВ87 маркалы техникалық таза алюминий (тыныш болат маркалары үшін), ал жаңадан балқытылып алынатын КЛ қолданған кезде, яғни болат маркасына байланысты ферромарганец немесе ферросилицийді толығымен ауыстыруға мүмкіндік бар, силикомарганец пен техникалық таза алюминийдің шығынын азайтуға мүмкіндік туады.

Орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғанда.

Теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижесінде:

– алғаш рет Fe-Al-Si және Si-Mn-Al үштік қосылыстарын пайдалана отырып, Fe-Si-Mn-Al төрт компонентті металл жүйесінің диаграммасы құрастырылды және зерттеу нәтижелері бойынша қорытпаның шашырауына әкелетін болжамды аймақ анықталды;

– құрамында марганец бар брикеттерді қолдана отырып, КЛ балқыту процесін толық термодинамикалық модельдеу жүргізілді. Металл тұзуші фазалар: FeSi, Fe₃Si, FeS₂, FeS_{2,43}, FeSi_{2,33}, Mn₁₁Si₁₉, MnSi, Mn₅Si₃, Mn₃Si және алюминий CaAl₂, CaAl₄ түрінде болатындығы анықталды;

– адекватты регрессия теңдеуін ала отырып және практикалық құндылығы бар оңтайландыру параметрлерінің геометриялық бейнесін құра отырып, екінші ретті рототабельді жоспарлар негізінде зерттеудің теориялық әдістерін қолдана отырып, КЛ-дың негізгі элементтерінің қорытпаға өтуі үшін оңтайлы жағдайлар анықталды;

– жұмсарудың температуралық аралығы және меншікті электр кедергісі бойынша КЛ-ды алу үшін әртүрлі кен орындарының марганец кені мен жоғары күлді көмірлердің сипаттамалары бойынша жаңа эксперименттік деректер алынды;

– қуаттылығы 150 және 200 кВА кен термиялық пештерінде марганец кендерінен, құрамында марганец бар брикеттерден және жоғары күлді көмірден Fe-Si-Mn-Al КЛ-дың карботермиялық және қожсыз тәсілмен балқыту технологиясы әзірленді және пысықталды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Г.В. Медведев, Т.Д. Такенов Сплав АМС. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1979. – 140 б.
- 2 М.И. Друинский, В.И. Жучков Получение комплексных ферросплавов из минерального сырья Казахстана. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1988. – 208 б.
- 3 J. Basson, J. Daavittila, M. Gasik, M.I.Gasik, L. Holappa, H. Jalkanen, I.Mc. Dougall, O. Polyakov, G. Saevardsdottir, M. Tangstad. Handbook of Ferroalloys. Butterworth-Heinemann. London, 2003, -P. 495-505 and 536. (<https://doi.org/10.1016/C2011-0-04204-7>).
- 4 Поволоцкий Д.Я. Раскисление стали - М.: Metallurgy, 1972. - 208 с.
- 5 Поволоцкий Д.Я., Роцин В.Е., Мальков Н.В. Электрометаллургия стали и ферросплавов — М.: Metallurgy, 1995. - 592 с.
- 6 М. Прохоров Большая советская энциклопедия: в 30 т. / Гл. ред. А. М. Прохоров. - 3-е изд. - М. : Сов. энцикл., 1969 - 1978.
- 7 Игнатъев В.С., Вихлевщук В.А., Черногретский В.М. и др. Изучение свойств ферросплавов и лигатур для микролегирования и раскисления стали // Изв.вузов. Черная металлургия. 1988, № 6. - С.37-42.
- 8 В.А. Кудрин. Теория и технология производства стали. ООО «Издательство АСТ», Москва, 2003. -258 с.
- 9 Mukhambetgaliev, E.K., Esenzhulov, A.B., Roshchin, V.E. Alloy Production from High-Silica Manganese Ore and High-Ash Kazakhstan Coal // Steel in Translation. - 2018. - Т. 48, №9. P. 547-552. (DOI: 10.3103/S0967091218090097)
- 10 S.M. Tleugabulov, A.Kh. Nurumgaliev. Process of producing the complex alloy (2005) *Stal'*, (7), pp. 57-59.
- 11 Е.А. Букетов, Т.Г. Габдуллин, Т.Д. Такенов. Металлургическая переработка марганцевых руд Центрального Казахстана. Наука, Алма-Ата, 1979, 184 с.
- 12 К.Н. Трубецкого и др. Марганец. Минерально-сырьевая база СНГ. Добыча и обогащение руд // Под ред. акад. К.Н. Трубецкого. - М.: Изд-во Акад. горных наук, 1999.-270с.
- 13 Месторождения марганца Казахстана: Справочник // Под ред. А.А. Абдулина и др. - Алматы.: РГП ПВХ «Информационно-аналитический центр геологии и минеральных ресурсов Республики Казахстан» 1999.
- 14 Патент №19649 Сплав «Казахстанский» для раскисления и легирования стали
- 15 Мухамбетгалиев Е.К. Теоретические и технологические основы получения алюмосиликомарганца из высококремнистой марганцевой руды и высокозольных углей: дис. ... канд. техн. наук: 05.16.02. - Челябинск, 2017. - 187 с.
- 16 Нурумгалиев А.Х. Развитие научных основ и разработка технологии выплавки комплексных ферросплавов [Текст]: дис. докт. техн. наук: 05.16.02 – Металлургия черных, цветных и редких металлов.
- 17 Чекимбаев А.Ф. Совершенствование технологии выплавки

ферросиликоалюминия с применением новых видов углистого сырья [Текст]: дис. канд. техн. наук: 05.16.02 – Metallургия черных, цветных и редких металлов.

18 О термодинамическом исследовании процессов в многокомпонентных системах Процюк А.П., Карапетьянц М. Х.

19 Изучение причин рассыпаемости ферросилиция Поволоцкий В.Д., Комиссарова Т.А., Минаев В.М.

20 Тылькина М.А. Е.М. Савицкий Диаграмма состояния – основа разработки сплавов и технологических процессов

21 World Steel Association, БҮҰ. <https://worldsteel.org/> 09.03.2022 ж..

22 Мухамбетгалиев Е.К. Байсанов С.О. Роцин В.Е. Ахметов К.Т. Перспективы производства алюмосиликомарганца из сырья Казахстана Вестник Карагандинского государственного индустриального университета, №1 (28)

2020, стр. 20-27 Шульте Ю. А. Неметаллические включения в электростали. М., 1964. - 207 с.

23 Шульте Ю. А. Неметаллические включения в электростали. М., 1964. - 207 с.

24 Яскевич А. А. Производство стали. Москва., 1956. - Т. 35. - С. 271-282.

25 Еднерал Ф. П., Кутуев И. Х., Колесникова Р. И. // Сталь. 1960. - № 5.- С. 428-433.

26 Самарин А. М. Физико-химические основы раскисления стали. АН СССР. М., 1956. - 162с.

27 Форыст Ю.Т., Мчедлишвили В.А., Самарин А.М. Влияние раскисления комплексным сплавом марганца, кремния и алюминия на содержание и состав оксидных включений в стали. Тр. ИМЕТ АН ГССР, Тбилиси, 1960. - № 5, С. 22-35.

28 Koch W., Wentrup H., Reif O. Die chemischen und physikalischen Grundlagen der Desoxydation mit Mangan, Silizium und Aluminium // Arch. Eisenhiittenwesen. Jahrg. 22. Heft, 1951.

29 Голубев С. Н. Производство стали. М., 1956. - Т. 35. - С. 298-309.

30 Кейс Н. В., Комиссаров А. И. // Сталь. 1966. - № 7. - С. 625.

31 Еднерал Ф. П., Калинина З. М. Интенсификация восстановительного периода плавки конструкционной стали в дуговой печи // Известия вузов. Черная металлургия. 1958. - № 2. - С. 48-63.

32 Еднерал Ф.П. Интенсификация процесса плавки малоуглеродистой конструкционной стали на шихте из легированных отходов // Известия вузов. Черная металлургия. 1959. - №1. - С. 59-70.

33 Madi M., Skala I. // Freiburger Forschungshefte, 1956. - Т. 35, - С. 298-309.

34 Поволоцкий Д.Я. Теория и практика интенсификации процессов в конвертерах и мартеновских печах. М., 1965.- 552 с.

35 Казачков И.П. Металлургия и коксохимия. Киев, 1966. - Т.3. - С. 38-43.

36 Камалов П.Г., Гохман Е.В. Ферросплавная промышленность капиталистических стран (технико-экономический обзор). М., Черметинформация, 1968. - С.13-17.

- 37 «Экспресс-информация Центрального научно-исслед. Института информации и технико-экономических исследований черной металлургии», 1974, Т. 5, - №.4. - С.13-15.
- 38 Фридман А. Г. Нормы и содержание цветных металлов в силикомарганце, выплавляемом в США// Бюл. ЦНИИЧМ. 1962. - № 23. - С. 52.
- 39 Koizumi, Hideo, Yamaguchi, Arata, Doi, Terunobu, Noma, Fumio Fundamental development of iron ore briquetting technology Tetsu-To-Hagane/Journal of the Iron and Steel Institute of Japan, 1988. - Т.74, - №6, pp. 962-969. (DOI: 10.2355/tetsutohagane1955.74.6_962)
- 40 Сухоруков А.И., Соседко П.М., Хитрик С.И. Выплавка товарного силикомарганца на брикетах и агломерате // Сталь. 1970. - № 2. - С. 135.
- 41 Способ производства офлюсованных брикетов для получения комплексных сплавов. Патент KZ № 564348 30.05.1975/ Хвичия А.Т., Капанадзе З.П., Ломсадзе Г.И., Гиоргобиани Т.А., Папава Г.К.
- 42 Хвичия А.П., Мазмишвили С.М. Выплавка силикомарганца из рудных брикетов в печи мощностью 16,5 МВА // Сталь 1970. - №2. - 138 с.
- 43 Равич Б.М. Брикетирование в цветной и черной металлургии. Москва: Металлургия, 1975. - 231 с.
- 44 Майсурадзе Г.Д. Разработка технологии получения и применения сплава силикомарганец-алюминий и его попутного шлака в производстве стали. Автреф. дисс. на соиск. учен.степ. канд.техн. наук. Тб., 1984, 21 с.
- 45 Чубинидзе Т.А., Маргиев Б.Г., Оклей А.Л., Цкитишвили Ю.А. Лабораторные исследования ввода в силикомарганец алюминия при одновременном довосстановлении попутного шлака. Реф. сб. «Марганец», Тбилиси, 1984, No 1(91) с. 11-13.
- 46 Чубинидзе Т.А., Кашакашвили Г.В., Джапаридзе С.Г., Джапаридзе С.Г., Майсурадзе Г.Д., Сулава Д.А. Разработка технологии получения сплава силикомарганец-алюминий с использованием в шихте термообработанного Ткибульского угля и шлака производства вторичного алюминия. Реф. сб. «Марганец» Тбилиси, 1984, No 1 (91) с. 17-20.
- 47 Пурцеладзе Х.Г. // Металлургия марганца: Тезисы докладов Всесоюзного совещания. М., 1975, С. 41-44
- 48 Якушев А.М., Кудрин В.А., Михайлов Э.Н // Сталь, 1970, №10. - С. 906
- 49 Михайлов Э.Н., Якушев А.М., Кудрин В.А. // Производство стали в сталеном литье. 1971, №61. – с. 122-125.
- 50 Казачков И.П. // Металлургия и коксохимия. Киев. 1969. - С. 92-96
- 51 Tolymbekov, M.Z., Akhmetov, A.B., Baisanov, S.O., Ogurtsov, E.A., Zhiembaeva, D.M. Production and use of complex ferroalloys in metallurgy // Steel in Translation. - 2009. - Т. 39, №5. - P. 416-419. (DOI: 10.3103/S0967091209050131)
